

4
**ҰЛТТЫҚ
 БІРЕГЕЙЛІК
 ПЕН ҰЛТТЫҚ
 САНА**



3
**ӘЛЕМДІК
 РЕЙТИНГТЕ АЛДА
 КЕЛЕМІЗ!**



8
**ЖАСТАР КІТАП
 ОҚИ МА?**



2017
Түркістан
 Түркі әлемінің мәдени астанасы

ШЫНДЫҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

**УНИВЕРСИТЕТ
 СТУДЕНТТЕРІНІҢ
 ҮНІ**

e-mail: a.yassau@mail.ru

Ясауи
университеті

№10 (437) 30 МАМЫР 2017 ЖЫЛ

«ТҰРАН» - дағы ТҰРЛАУЛЫ ІСТЕР

**ҚҰРАНДЫ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕТКЕН
 ҒҰЛАМАҒА АРНАЛДЫ**



Университетімізде «Ер Жәнібек» Халықаралық қоғамдық қорының қолдауымен ғұлама ғалым, діни ағартушы, қайраткер Халифа Алтай Ғақыпұлының 100 жылдық мерейтойына орай «Халифа Алтай исламның көрнекті ғұламасы» атты танымдық конференциясы өтті.

Халифа Алтай ислам дінін насихаттауда ерен еңбек сіңірген, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, қасиетті Құранды қазақ тіліне ең алғаш аударған ғалым. Түркі әлемі ғұламасының мерейтойы еліміздің бар аймағында, Түркия, Қытай және Еуропаның бірқатар елдерінде атап өтілуде. Конференция Халифа Алтай жайлы деректі фильмді көрсетуден басталды. «Ер Жәнібек» Халықаралық қоғамдық қорының президенті Ж.Түркия, Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Ғ.Рысбеков, ғұламаның ұлы А.Алтай сөз сөйлеп, ғалымның еңбегінің маңыздылығын, жасампаздығын айтып өтті. Мемлекет тарихи институтының жетекші ғылыми қызметкері Қ.Ерімбетова «Қазақтың тектілік феномені» (Халифа Алтай мысалында) атты баяндама жасады. ҚМДБ-ның республикалық ақпараттық-насихат тобының мүшесі, исламтанушы А.Қуанышбаев «Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі» кітабының маңыздылығын айта келіп, барша мұсылман қауымын қасиетті Рамазан айымен құттықтады. Журналистика мамандығының 3-курс студенті Үмітбек Бағдат Халифа Алтайға арнау оқыды. Шара соңында ғұламаның ұлы Абдураһим Алтай шара қолдаушысы «Ер Жәнібек» Халықаралық қоғамдық қорына, ұйымдастырушы Ахмет Ясауи университетінің ұжымына, ғылым бөлімінің маманы Нәсербек Заңәділге, оқу орданың белсенді студенттеріне алғысын білдірді. Оқу орданың Ғылыми кітапханасына кітаптар тарту етті.

Сондай-ақ, конференция аясында орталық «Қожа Ахмет Ясауи» мешітінде өткен Құран оқу шешуші жарысының жеңімпаздары марапатталды. I орын «Ер Жәнібек» Халықаралық қоғамдық қорының жүлдесін Жақсылық Мұстафа жеңіп алды. Ал II орын «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражайының жүлдесін Айтмахан Диасқа бұйырды. III орын ҚХТУ жүлдесі Нұрмұхаммед Жұмабай мен Қасым Розханға тапсырылды. «Әдемі әуезді қари» номинациясын Шерефи Хамза, «Жас қари» номинациясын Шаймерден Жомарт иеленді.

ЯУ-ақпарат

«Нұр Отан» партиясы саяси шешімдерді іске асыруға қабілетті үлкен күшке айналғанын бүгінде дүйім жұрт біледі. Елбасы тапсырмалары мен үкіметтік бағдарламалардың жергілікті жерде іске асуына әл-қадірінше септігін тигізіп жүрген ұжымдардың сапында «Тұран» бастауыш партия ұйымы да бар. Құрамында 700-ден аса мүшелері бар бұл ұйым үлкен саяси күшке айналып келеді және партия мүшелері бүгінде татулығы жарасқан, іпкімді істердің ұйтқысы болудан бір танған емес. Жуырда ғана Мәдениет орталығында орналасқан бастауыш ұйымның бөлмесінде «Бастауыш партия ұйымдарының партиялық жобаларды іске асырудағы рөлі» тақырыбында семинар болып өтті.

Бұл шараға «Нұр Отан» партиясы Түркістан қалалық филиалы кеңесшісі А.Исабеков, қалалық аурухана аумағында орналасқан «Салауат» БПҰ төрайымы К.Қалдыбаева, Сауран ауылдық округі БПҰ төрайымы К.Нақыпбекова, Қарашық ауылдық округі БПҰ төрағасы Р.Абилов, «Отырар» мәлтек ауданы БПҰ төрағасы Б.Асылбеков, Шорнақ ауылдық округі БПҰ төрағасы Б.Сүлейменов және тағы басқалары қатысты. «Тұран» БПҰ жұмыстарымен танысып, оң тәжірибелерімен бөлісті. Шараға қатысушылар «Тұран» Бастауыш партия ұйымының кабинетінің қазіргі талапқа сай жабдықталғанына күй болып, барлық талаптарға сәйкес рәсімделген, тәртіппен тігілген құжаттармен, іс-құжаттар номенклатурасымен танысып шықты. Сонымен қатар, партиялық жобаларды іске асырудағы тиянақты шаралармен таныса келе, қаладағы барлық бастауыш партия ұйымдарындағы жұмыстарды жандандыру мақсатында алдағы уақытта осындай семинарларды жиі өткізіп тұру келісіліп, жоспарланды.

«Тұран» бастауыш партия ұйымының негізгі мүшелері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қызметкерлері мен оқытушылары болып табылады. Осы орайда, оқу орнының тыныс-тіршілігі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы өзекті мәселелермен біте қайнасып астасып жатыр деуге болады.

Ия, ұлттық идеологияны ұлықтайтын кез келді. Әсіресе білім мен тәрбие ордасында бізді адастырмай тура жолға бастайтын компас сияқты идеологиялық бағдарымыз болуы қажет-ақ. Саясат - қоғамды басқарудың тәсілі ретінде болса, экономика - сол қоғамның әлеуметтік деңгейі, ал имандылық - қоғамдағы адамдардың рухани тәрбиесінің дұрыс бағытын көрсетеді. Міне, ошақтың үш бұты сияқты осы үш сала ұлттық идеологиямыздың мұрат-мақсаты, темірқазығы болуы тиіс. Баршамызға белгілі, идеология - қоғамдық сананың көрінісі.

Мақаладағы ұлттық сана жөнінде ой қозғалған тұста мына мәселелер еріксіз ойға оралады. Қазақ халқы ұзақ уақыт бодандықта болып, құлдық психология қамытын кигені белгілі. Соның салдарынан ұлттық құндылықтарымыздан қол үзе жаздадық, ассимиляцияға ұшырадық. Ұлттық болмыстың болмауы себепті қоғамда қажеттілік те болмауы салдарынан көпшілігіміз ана тілін білмесек те өзгенің тілін біліп, мәдениетін игергенді мақтан тұтып, кеуде кере күпсінетін жайтқа жеттік. Ұлттық болмысымызды қожыраттық. Ал ұлттық идеология - өткендегі қателіктерімізді түзеп, олқылықтардың орнын оңалтатын және аршындап алға ұмтылуға тыныс беретін дүние. Ұлт бақытты болса, мемлекеттің әрбір азаматы бақытты болатынын түсінетін мерзімі өрине жетті.

Жақында білім ордамыздағы күнделікті көп сабақтардың бірінде инженерия факультетінің оқытушысы Т.Назарбек өтіп жатқан сабаққа қатысып, білімгерлермен бірге «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын талқылаудың сәті түсті. Көңілге түйгеніміз: бұл мақаладан студенттердің күнделікті тәрбие мәселесінде аса қажетті, айқын әрі нақты бағдар алуға болатыны. Елбасы да жастарды әлеуметке жат мінез-құлық, құқықтық нигилизм, әлеуметтік қауіпті құбылыстарға төзімсіз етіп тәрбиелеу қажеттігін ескертіп отыр емес пе? Ел өзіміздіктей ғой деп ашық-ашық жүрмеуге, діни радикализм, саяси эк-

тремизм сияқты ірікті салғыш құбылыстарға ымырасыз болуға шақырады. Қазіргі қоғам үшін шынайы мәдениеттің белгісі - орынсыз сән-салтанат емес, керісінше, мінез-құлықтың нағыз прагматизмі ретінде ұстамдылық, қанағатшылық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділігі көрсететінін қаперге салады. Білімнің салтанат құруы жалпыға ортақ болуға тиіс екенін ұғынықты тілмен баяндай келе, жүрісі жылдам дәуірге аяқ басқанымызды және технологиялық революцияның әсерінен алдымыздағы таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кететінін ескертеді. Жастар үшін, болашақ кәсіп иесі үшін экономиканың кәсіптік сипаты соншалықты өзгертетінін меңзейді. Та-

екенін байқауға болады. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлдеқайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады.

Латын әліпбиіне көшкен өзбек ағайындарда туындаған бір қиындық - өзбек мектебі латынша жазса, орыс мектептері бұрынғы кирилл жазуында қалып отыр. Өзбек тіліндегі мектепке латын әріптерін меңгерген мұғалім, латынша шыққан оқулықтар керек болса, орыс мектебіне басқа кітап, басқа мұғалімдер керек екен. Әрине мұндай кемшіліктер уақытша ғана.

Қазақстанның латын жазуына көшуіне көрші Ресейде түрлі теріс пікірлер айтып жатқандар баршылық. Бірақ олардың пікірімен санасудың



бысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін терең түсінуге шақырады.

Президент мақаласының қоғам құп көрген тұсының бірі - Қазақстанның толық латын әліпбиіне көшуі. Елбасы жеделдетуге пәрмен берген бұл қадамды батыл жасамасақ, болашақта опық жеуіміз мүмкін. Саясаттанушылар да мұны ертеле-кеш болуы тиіс заңды процесс деп отыр.

2006 жылы Елбасы: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын әліпбиі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Өлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», - деген еді. Енді осы идеяны жүзеге асыруға қатысты нақты жоспарларды айта келе, 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керектігін, ал 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісу қажеттігіне назар аударды.

Не үшін латын әрпіне көшуіміз керек? Саяси маңыздылығы жағынан айтқанда, кириллицамен сіңіп кірген отарлық санадан арылу үшін де оның саяси маңызы зор. Екіншіден, латын жазуы қолданысқа оңай, игеруге ыңғайлы. Оған қоса жаратылыс ғылымдары саласында қолданудағы дәлділігі мен ептілігін дүниежүзінің өмір тәжірибесі дәлелдеп келеді.

Латынға көшу жазу-сызуды өзгерту ғана емес. Бұл тілге реформа жасалады деген сөз. Оның нәтижесі - білім, ғылым, әлеумет, саясат, яғни, мемлекеттің бар саласын қамтитын күрделі шаруа.

Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер - барлығы да латын әліпбиімен байланысты

қажеті жоқ. Бүкіл интернет саласы онсыз да орысша-латын әліпбиімен жұмыс істей алады. Интернет роботтар латынша-орысша жұмыс істей береді. Біздегі қазақшасын енгізуі қиын ауқымды бағдарламалар олар латын жазуындағы нұсқасын әлдеқашан енгізіп қойған.

Латыншаға 25 жыл бойы көшейік пе, көшпейік пе деп жүргенде орыс тілі біздің бүкіл экономикамызды жаулап алды. Жаулап алғаны соншама, тіпті ағылшын тілі де біздің экономикамызға жол таба алмай қалды. Яғни, шет елден келетін бағдарламалар Қазақстанда орыс тілінде еркін жұмыс істеп келеді. Қазіргі кезде көптеген мобилді бағдарламалар, порталдар орысша. Осылардың қазақшасын қалай шешеміз? Ең қызығы осыны біле тұра, көре тұра, қолдана тұра, қазақ тілінің келешегін түсінбеу қатты алаңдатады.

Латын графикасына өтсек бұрынғы жазылған маңызды нәрселерді қалай аударамыз деген де пікірлер бар. Бұндай құжаттарды аударуға уақыт кетпейді, қаражаттық шығындар да ел ойлағандай ауыр болмайды. Себебі қазір 90-шы жылдардан бергі көптеген маңызды құжаттар мен кітаптардың электронды нұсқалары бар. Ал қағаз нұсқаларындағы кітаптарды аудару да соншалықты қиын емес. Қазіргі мәтін танушы бағдарламалар қағаздағы мәтінді электронды нұсқаға аудар алады. Бүгін бізге қаражат, уақыт кедергі емес, керісінше латын жазуына ертерек көшпегеніміз ғана кедергі болады.

Сондықтан латын әліпбиіне көшуді келесі жылдарға қалдырмай, жедел қабылдасақ қана «...тарихтың шаңына көміліп қалмаймыз».

Латын әліпбиіне көшу - жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім болмақ.

**Жанәлі ДӨРІБАЕВ,
 «Нұр Отан» партиясы
 Түркістан қалалық филиалы
 «Тұран» бастауыш партия ұйымының
 төрағасы**

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ШЫМКЕНТТЕН ҚОС ХАБАР

АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Ұлы Жеңістің 72 жылдық мерекесі қарсаңында, Шымкент медицина институтында білім алып жатқан жалынды білімгерлер мен Жастар комитетінің бастауымен ардагер апамызға құрмет көрсетілді.

Шымкент қаласының тұрғыны 1921 жылы дүниеге келген ардагер апамыз Наталия Бочкареваны Ұлы Жеңістің 72 жылдығымен құттықтап ізгі тілек-ниеттерін білдіріп қайтты. Кездесу барысында жастар өздерінің ақ тілектерін айтып, ардагерлерді мерекемен құттықтап сыйсияпат тапсырды. Ардагер ана соғыс кезіндегі қиын күндер туралы оқиғалардың қыр-сырын баяндап берді. ҰОС ардагерлерінің саны жыл өткен сайын азайып келе жатқанын және оларды ардақтап, қадірлеу барша жастарға парыз екенін атап өтілді. Кездесудің барысында Ұлы Отан соғысының зардаптары, Ұлы Жеңіс туралы мағлұматтар берілді. Отан үшін жан қиған ардагерлеріміздің ерлігін үлгі ете отырып, оларды құрметтеу мына біздердің парызымыз.

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Қазақстан-2030" стратегиялық даму бағдарламасында "Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткі, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға бағытталған" делінген. Осыған байланысты Шымкент медицина институтының «Жастар» комитетінің тәрбие жоспарына сәйкес оқытушы-профессорлар, студенттер, дәрігер интерндер, резиденттер арасында шағын футболдан команда аралық жарыс ұйымдастырылды. «Мир Футбол» спорт көшенінде өткізілді.

Спорттық сайыстың негізгі мақсаты — студенттер мен интерндерді құндылық бағдарларына және имандылық-еріктілігіне сәйкес салауатты өмір салтының ұғымдарын, дағдыларын және уәждерін қалыптастыру болып табылады.

Шымкент медицина институтының директоры, профессор У.Жұмабаев жарыс алдында командаларға сәттілік, ақ жол тіледі. Жарыста 9 команда ойын көрсетті. Жеңімпаздар мен үздіктерді кубок, бағалы сыйлықтар, мақтау қағаздармен марапаттау үшін Кәсіподақ ұйымының тарапынан қаржылай көмек көрсетілді. Ойын нәтижесінің қорытындысы бойынша жүлделі 1-орынды Стоматология «FA DENTAL» құрамасы иемденді.



2-орын «ОРДАБАСЫ» құрамасының еншісіне бұйырса, 3-орынға ВОП «МКТU-UNITED» құрамасы тұрақталды. Сонымен қатар қатысушылар «Үздік ойыншы» номинациясы бойынша арнайы сыйлықтармен және Алғыс хаттармен марапатталды.

С.ОЙМАУЫТОВ,
Жастар комитетінің төрағасы

КІТАПХАНАДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

«ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесіне орай, ХҚТУ Ғылыми кітапхана фойесінде кітаптардан көркемдеп дайындалған «ЭКСПО-2017» символдық белгісі қойылды.



Сәулет өнерінің озық үлгісі — сфера макетін әсемдеп безендірген кітапхана қызметкерлері «жаңашыл идеялар жаршысы» іспеттес, әрдайым ізденістерін жиі жетілдіріп тұрады.

Ғылыми кітапхана ұжымының оқу ордамыздағы түрлі ұлт және ұлыс өкілдеріне, білімгерлерге, келген қонақтарға «Электр энергиясы» мен «Жасыл ел» бағдарламасын насихаттап, дәріптеу үшін дайындалған «сфера нысаны» алыстан көз тартып, кітапхана сәнін ашып, көрменің нақыштарын танытып тұр.

Ақпарат орталығы

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

«Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі 10 наурыз – 1 мамыр аралығында «Түркістан түркі әлемінің мәдени астанасы» аталуына орай «Түркістан және тарихи ескерткіштер» тақырыбында фото байқау жариялаған болатын.

Наурыз айының басында басталған байқауға қатысуға ниет білдірген қатысушылардан байқаудың мақсаты мен міндеттерінде көрсетілген тақырыптарға сай қорық-музей қорына 200-ге тарта фотолар келіп түсті. Бұл туралы «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік

тарихи-мәдени қорық-музейінің баспасөз қызметі хабарлады.

«Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің арнайы ғылыми кеңесінде ұсынылған фотолар талдаудан өткен ең үздік 9 фото анықталды. Жүлдегерлер арасында университеттің «Қоғаммен байланыс» бөлімінің теле маманы Н.Шынтеміров пен журналистика мамандығының студенттері Н.Нышанбай мен Ж.Сәдуақас та бар. Жеңімпаздарға «Өзірет Сұлтан» қорық-музейінің сертификаты мен қаржылай жүлделері табысталды.

ӘН САЛДЫРҒАН «ТҰРАН ДАУЫСЫ»



Университетте продюсерлік орталықтың ұйытқы болуымен оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасында дәстүрлі «Тұран дауысы» ән байқауы өтті. Ән сайысы «Түркістанның 2017 жылғы Түркі Әлемінің мәдени астанасы» құрметіне арналды.

Оқытушы-профессорлар құрамы мен әкімшілік қызметкерлердің мамандығынан бөлек бойындағы өнерін дүйім жұртқа көрсету мақсатында ұйымдастырылған байқауға 7 өнерпаз қатысып, бақ сынады. Өнер, медицина, гуманитарлық ғылымдар мен дайындық факультеттері және Ғылыми кітапхана, Клиника-диагностикалық орталығы мен шаруашылық қызметтері департаментінің намысын қорғаған қатысушылар намысты қолдан бермеуге тырысты. Ал филология, инженерия, өлеуметтік ғылымдар, жаратылыстану факультеттерінен қатысқан өнерпаздарды көре алмадық.

Қатысушы өнерпаздар байқаудың I-кезеңінде патриоттық әндерді нақышына келтіріп орындады. II-кезеңде еркін тақырыпта өнер көрсетті.

Байқаудың қорытындысы бойынша бас жүлдені өнер факультетінің оқытушысы Ерасыл Қауымбеу жеңіп алды. I-орынды медицина факультетінің магистр оқытушысы Нұрсұлтан Нурдинов, II-орынды клиника-диагностикалық

орталығының мейірбикесі Ұлжалғас Тақеева, III-орынды шаруашылық қызметтері және инфрақұрылымдық даму департаментінің референті Светлана Күзембаева мен ғылыми кітапхана бағдарламашысы Бауыржан Қадырақын иеленді. Гуманитарлық ғылымдар факультетінің маманы Әйгерім Мырзаханова мен дайындық факультетінің оқытушысы Ұлан Шайзадаев өнегелі өнер көрсеткені үшін арнайы номинациямен марапатталды. Вице-президент Н.Эрен мен қазылар алқасы жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен дипломды табыстады.

«Тұран дауысы» ән байқауына қатысқан өнерпаздарға әділ қазылық еткені үшін ҚР Мәдениет қайраткерлері, «Ясауи мұрасы» газетінің бас редакторы Ә.Манапұлы мен «Қазақ филологиясы және журналистика» кафедрасының профессоры Б.Сердәлі, Тәрбие және мәдени істер департаментінің директоры Л.Есентаева алғыс хатпен марапатталды.

Айта кетер жайт, үлкен мәдениет сарайында ат төбеліндей ғана көрерменнің болуы кеңіл қынжылтты. Бұл ән әлеміне жаны құмар көрерменнің азаюы ма болмаса сессияның қарбаласынан оқытушылар мен студенттер келе алмады ма екен деген ойға қалдық.

ЯУ-ақпарат

ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Түркістан қалалық тілдерді дамыту және мәдениет бөлімі мен Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы «Түркістан – Ер Түріктің бесігі» атты ақындар арасында жыр мүшәйрасын өткізді.

Бұл ақындар сайысында 18-35 жас аралығындағы жазба ақындар бақ сынасты.

Ақындар бәйгеге үш тақырыпта өз шығармаларын ұсынды: Ер Түріктің бесігі - Түркістан туралы, салт-дәстүрге байланысты жерлер, еркін тақырып. Түркістан қаласының «Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы аясында өткізілген бұл шараның мақсаты: жазба ақындардың шығармашылығын шыңдап, жас ақындардың тың туындыларын халқымыздың салт-дәстүрі және әдет-ғұрыпмен

байланыстырып көпшілікке насихаттау болып табылады. Байқауға өңірімізден тыс шет елдерге де танымал Жазушылар және журналистер одағының мүшесі, К.Симонов атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері, ақын Н. Бегалиев, жазушылар және журналистер одағының мүшесі, ақын Қ.Төретай, жазушылар одағының мүшесі, ақын С.Нұрманұлы төрелік етіп, жас ақындардың шығармашылығына әділ бағасын берді.

Университеттен сайысқа қатысқан журналистика мамандығының 3-курс студенттері Нұрбек Кеңесбай жүлделі 3-орынды, ал Нарқұлан Райханұлы «Әбділдә Аймақ» атындағы арнайы сыйлығымен марапатталды.

ЯУ-ақпарат



УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ АЛДА КЕЛЕМІЗ!

Аккредитация және рейтинг орталығы жыл сайын қызметкерлер арасындағы мотивацияны арттыруға ықпал ету мақсатында университетіміздің барлық оқытушылары, кафедралары, факультеттері арасында ip.edu.yu.kz сайты арқылы ішкі рейтинг ұйымдастырып келеді. Сонымен қатар, оқу орнымыз Қазақстан бойынша 3 түрлі агенттік арқылы рейтингке қатысуда: 1. «Білім сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі» (БСҚА-НКАОКО); 2. Аккредиттеу және рейтингілеу тәуелсіз агенттігі

(АРТА-НААР); 3. Республикалық рейтинг агенттігі (РРА). Бұл рейтинг қорытындылары жақында жаз айларында белгілі болады.

Университетіміз сыртқы үш рейтингке тіркеліп қатысуда: 1) «QS» әлемдік университеттер рейтингі (QS University Rankings: Emerging Europe & Central Asia (EECA)); 2) «Гринметрик» әлем университеттерінің рейтингі (Ul GreenMetric World University Ranking); 3) «THE» — әлем университеттерінің Таймс жоғары білім рейтингіне (Times Higher Education World University Rankings).

Жақында ғана сыртқы бір рейтинг нәтижесі белгілі болды. 516 жоғарғы оқу орны қатысқан GreenMetric World University Ranking нәтижесінде біздің университетіміз алғаш рет қатысып, 410 орынды місе тұтты. Бұл рейтинг бойынша назарға алынған критерийлер: ЖОО-ның орналасу аймағы, көгалдандырылған аймақ көлемі, электр энергиясының, судың тиімді қолданылуы, қалдықтардың басқарылуы, инфрақұрылым, климаттық және энергетикалық жағдайлардың басқарылуы, сонымен қатар тұрақтылық, коммуникацияға қатысты атқарылатын іс-шаралар т.с.с. Бұл рейтингке ілінгендер қатарында Түркияның 17 ЖОО, Ресейдің 25, Қырғыз Республикасының 1 (Манас университеті), Қазақстанның 2 ЖОО (ҚазҰУ және ХҚТУ) бар.

Әлемдік университеттер рейтингінде осымен екінші агенттіктің (QS-тен кейін) сапынан көрінуімізге орай әріптестерімізге, университет ұжымына құтты болсын дегіміз келеді.


Алайда, алда алар асуларымыз әлі де мол.

Солардың бір парасы ретінде айтар болсақ, университетіміз халықаралық деңгейде әлі жеткілікті танымал емес. Оның негізгі басты себебі, бізде білім нарығы жеткілікті деңгейде модернизацияланбаған және ірі нарық ретінде қаралмайды. Ал шетелдік университеттер білім беру ісін бизнес ретінде қарастырады. Сондықтан, біз әлемдегі ең білімді, танымал тұлғаларды оқу ордамызға тартып, бәсекеге қабілетті нарық ортасын қалыптастыруымыз қажет-ақ. Ғылыми жарияланымдарды шетелдік университеттердің танымал авторларымен бірлесіп шығарып отырсатқ, әлемдік рейтингте мұнан да жоғары ұпай жинау мүмкіндігіміз артады. Сайып келгенде, мұның бәрі – дайындық деңгейі жоғарылау талапкерлерді басқа ЖОО мен шетелге бармай-ақ біздің оқу орнымызға кеңінен тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, университеттегі оң үдерістерді үнемі жарнамалап, жеткен жетістіктерімізді паш етіп отыруымыз керек. Тек академиялық ортада ғана емес, жалпы бұқаралық ортада да жастарға, білікті мамандарға ерекшеліктеріміз бен артықшылықтарымызды, белсенділігімізді көрсете білуден ұтарымыз мол. Университеттегі қызықты жобалар және зерттеулердің жүргізілуі, түлектеріміздің жеткен жетістіктері туралы республика жұртшылығын үнемі хабардар етіп отырғанымыз абзал шаралардың бірі.

Қорыта келгенде, біздің алдымызда әлі наукометриялық көрсеткіштерімізді, интернационализация, халықаралық академиялық бірлестіктер арасындағы танымалдылықты арттыру бойынша жұмыстарды жетілдіру міндеті тұр.

Ж.ДӘРІБАЕВ

Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы



Нұрдәулет ҚАСЫМБЕК, менеджмент мамандығының 2 курс студенті:

«ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАҒАНДЫ ЖАНЫМ СҮЙЕДІ»

Нұрдәулет Қасымбек — «Ақберен» конкурсының лауреаты, Халықаралық «Жас өнер» конкурсының бас жүлде иегері, 46 республикалық конкурстар лауреаты. Жас талант Құрманғазының «Адай», «Кішкентай», «Төре Мұрат», «Сарыарқа», Еспайдың «Терісқапай», Қазанғалтың «18 жасар Балжан қыз», Т.Момбековтың «Салтанат», Құлшардың «Кербез керік», Жантөренің «Шалқыма», Н.Тілендиевтің «Аққу» күйлерін шебер орындаушы. Астана қаласының тумасы бастауыш сыныптан бастап-ақ өнерге бір табан жақындағын аңғартқан. Домбыра үйірмесіне қалмай қатысып, 5-сыныпқа өткен соң, саз-өнер мектебінің шәкіртіне айналған. Ұлттық аспапта ойнауды жетік меңгерген азамат ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білген. Нұрдәулеттің жүрегі мейірімге толы. Жағдайы төмен отбасының хал-ахуалын көргенде қарап тұра алмайды. Өзінің тапқан табысын пайдалы, қайырлы іске жұмсау басты арманы. Елім деп өміреніп, халқым деп күніренетінін осыдан-ақ аңғаруға болады. Бүгінде өнерін қайырымдылықпен ұштастырып жүрген Нұрдәулетпен сұхбаттасуды жөн көрдік.

- Жуырда жеке кеш өткіздің? Қайырымдылық мақсатында ұйымдастырылған концерт көпшіліктің көңілінен шықты. Концерт пен қайырымдылықты қатар ұйымдастыруыңның түпкі мақсаты неде жатыр?

- Мен қайырымдылықпен айналысқанды ұнатамын. Болашақта қайырымдылық қорын құрғым келеді. Сондықтан менеджмент мамандығына келіп түстім. Бизнес жасау арқылы өз мақсатыма толыққанды жету жүйелі жоспарымының бір бөлігі. Барлығы былай басталды. Группаласым Гүлнұр Түркістан қаласының тұрғыны. Бір күні ол Меруерт апайға көмек қажет екендігін айтты. Үйіне алып барды. Естүімше апайдың жұбайы базарда жүк тасушы. Тұрақты жұмысы жоқ. Отбасылы жас жұбайлардың бес баласы бар. Үлкені сегізінші сынып оқиды. Былай тартса, былай жетпейтін тұрмыс тауқыметін тартып отыр. Шынымды айтсам, бұрын-соңды жағдайы өте төмен отбасыны жүзбе-жүз жолықтырған емеспін. Көп нәрсені көзбен көріп көңілге түйдім. Қалай көмектесемін? - деген ой маған маза бермеді. Күн артынан күн өтіп жатты. Бір күні Астанадағы анама хабарластым. Біраз өңгімелестік. Сөз арасында Меруерт апайдың отбасы туралы азды-кем ақпарат бердім. Кеңес сұрадым. Бұл отбасыға қол ұшын созу үшін не істеуіме болады. Әрине қызметкер болсам, өңгіме бір басқа. Өзің ата-анаңның тапқан тынымен күнелтіп отырғандықтан қаржылай көмектесе алмайсың. Не істеуге болады. Анашым сәл үнсіздіктен соң: «Қалтаңдағы бар ақшанды беріп кетпедің бе? Мен саған қайтадан қаржы салып жіберетін едім. Жарайды, бұл ой басыңа келмеген болар, басқа амалын қарастырайық. Сен қайырымдылық есебінде концерт берсең қалай болады? Астанада жеке шығармашылық кешін бергенің секілді өткізесің. Әрине ерекшеліктері болады», - деді. Содан күндіз-түні ұйқы жоқ. Құптарлық идея. Мұны қалай жүзеге асыруға болады. Көктемнің кезі. Ауа-райы суытып тұрғанымен, артынан күн шығып күлімдеп қояды. Бір ретін келтіріп көретем концерт өткізсем. Қаражаты аз, күн көрісі төмен отбасыларға көмек қолын сосзам деген ой күн сайын жігер беріп, мақсатыма бір табан жақындауыма күш берді. 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңы. Университет жастары, тәрбие орталығы концерт ұйымдастыруда. Өлгі алайды осы концертке шақырсақ қалай болады? Көңіл-күйі көтеріліп қалар ма екен?.. Концерт өте жақсы деңгейде өтті. Менде осылай өткізе аламынба? Баста түрлі ойлар тұрды. Шығармашылық кеш өткізу үлкен жауапкершілікті, ізденісті қажет етеді. Мұны мен білемін. Кешке ат қою да маңызды. Қалайда қайырымдылық концертін ұйымдастыру керек. Барлығын егжей-тегжейлі жоспарладым. Достарым көмекке келді. Университеттің Мәдениет орталығының басшысы Гүлсара апай қайырымдылық болса үлкен залды береміз деп келісе кетті. Зал алу мәселесінде Әлеуметтік ғылымдар факультеті декан орынбасарының көмегі зор. Студенттерге қолдау білдіруге әзір тұратын жандардың бірі Сақтапберген ағай. Қызмет хат жазу арқылы шешімін тауып берді. Ағай жасату, концертке шақыру қағаздары баспаханаға қызмет хат жазу арқылы жүзеге асты. Шетінен барлығы шешіліп келді де, концерттің атауына келіп тоқтады. Ал енді не істейміз? Қыздар, жігіттер ақылдасып отырмыз. Әрқайсысы өр жақтан дауыстап, біреулері «Жан жылуы», «Аялы алақан» осы секілді атауларға тоқталды. Жоқ болмайды, басқаша болсыншы. Ойлана келе тағы да анашыма қоңырау соғып,



концерттің атын қоюға көмектесуін сұрадым. Анамның та-рапынан «Күй мейірімі» болсын деген ұсыныс түсті. Өзіме, өзгелерге де ұнап осы атты таңдадық. Тәрбие және мәдени істер департаментінің қолдауы, өнерпаз жігіттердің өнерін ортаға салуы кештің өз деңгейінде өтуіне септігін тигізді. Ал, төккен тер, өткен еңбектің бағасын көрермен айта жатар. Мен барынша тырыстым. Аяқтан шалмай, керісінше демеу болып, қанат бітірген жандарға алғысым шексіз.

- Сөздің бөлейін, төккен тер, өткен еңбектің бағасын көрермен айта жатар дедің. «Күй мейірімі» концертінің көрермендері кім? Концертте билет сатылды ма? Өлде...

- Билеттер сатылымда болған жоқ. Концертке кіру тегін болды. Біз арнайы жәшіктер қоюды жөн көрдік. Мұндағы мақсат концерт көруге келген азаматтар арнайы жәшіктерге көк қағаздарын қалдырса деген ниет. Университет басшылығынан бөлек, Түркістан қаласы әкімшілігінен, прокуратурадан біртуар азаматтарды шақырдық. Небәрі 40-қа жуық шақыру қағаздарын жасатқанбыз. Топтағы қыз-жігіттер мені мынадай танысым бар. Табысты азамат. Қол ұшын созуға мүмкіндігі жетеді. Соны шақырайық. Осылай барлық шақырудың иесін анықтап жатқанда қағаздар бітіп қалды. Қалғандарын ауызша шақырайық деп келістік. Концертке Жетісай, Шымкент, Қостанай, Темірлан, Астана қалаларында тұратын ағам, апам, көкем және нағашыларым келді. Қызмет бабына байланысты концертке кейбір туыстарым келе алмады. Дегенмен сәлемдемесін беріп жіберіпті. Оны кейіннен білдім. Группадғы жігіттердің айтуынша жәшікке көк қағазды жиі салғандардың бірі менің туыстарым екен. Студенттер де қайырымдылықтан сырт қалмады. Қалталарындағы сытырлаған тындырған түгел тастап кетті. Сондай-ақ көрермендердің арасында мүмкіндігі шектеулі азаматтар отырды. Қаладағы «Шапағат» қайырымдылық қоры да арнайы шақырылған болатын. Жанарына жас үйірілген, көңілдеріне мұң ұялаған жандардың бір сөт болса да, жүздеріне күлкі үйіре алсақ қуанышымызда шек болмас еді. Осыны алға тартып концерттік бағдарламамызды өзін-қалжыңға құрылған көріністерді беруге тырыстық. Комедия жанрына құрылды. Бір таңданарлығы концерт қонақтарын жәшікке салынған қаржының қайда жұмсалатыны аса алаңдатпағаны. Бұл алаяқтық емес пе? - деген ой жоқ мүлде. Қайырымдылық – қайырлы іс. Ең бастысы жәшікке түскен қаржы шын иесін табатынына сенімді. Өздері осы іске тамшыдай болса үлестерін қоса алғандарына дән риза.

- «Күй мейірімі» қайырымдылық концертінде қойылған жәшіктерге қанша қаржы түсті? Қаражат қайда жұмсалды?

- Концертке түскен қаржыны есептесек 85 мың теңге жиналыпты. Бұған дейін қайырымдылық жәрмеңкесін өткізген болатынбыз. Оның жөні бір бөлек. Қайырымдылық концерті мұқтаж жандарға көмектесуге мүмкіндік бере ме? Тағы басқа да сұрақтар алаңдатқан болатын. Меніңше нәтижесі жаман емес. Әрине біз бұл қаржымен үлкен істі бітіре алмаймыз. Десе де тырысып көргіміз келеді. Тамшы тама, тама көлге айналмайма? Университетіміздің студенті, «Жас Отанның» төрайымы Айлызаттың айтуынша жеті жыл бойы

ауруынан айыға алмай, өмір үшін арпалысып келе жатқан жас жеткіншектің отасына 2-3 миллион қаржы қажет екен. Тараз қаласының тұрғыны аяулы қарындасымыздың емі үшін, қолымыздағы бар ақшаны жеке есепшотына аударуды мақсат тұтып отырмыз. Қазір осы іске жеті көңіл бөлуді ойластырып жатырмыз. Біздің Данагүл Бейсембек 9 жаста. Басқа да қайырымды жандар осы балапанға қарайласса нұр үстіне нұр болар еді.

- Қайырымдылыққа қарай толыққанды бетбұрысың қай кезден басталды?

- Қайырымдылықтың екі түрі бар. Сүйіспеншілік пен нақты көмек. Өзгенің басынан өткен қиындықты өз басыңнан өткізіп сезіну және оған қаржылай көмектесу. Біз осы екі істі бірдей қолға алғанда ғана қайырымдылық жасадық деп есептей аламыз. Кейде кішкентай көмектің өзі көмектеспегеннен әлдеқайда маңызды екенін ұғынасың. Мен қазір мынадай қайырымдылықпен айналыстым немесе айналыспағанмын деп айта алмаймын. Бірақ айтуға тиісті дүние де жоқ емес. Осы қайырымдылық концерт беру алдында Жастар орталығындағы Арман аға маған қайырымдылық жәрмеңкесін өткізіп деп кеңес берген болатын. Содан неге байқап көрмеске деген ой келді. Топтағы Гүлнұрға кел барлық 1-2 курс студенттерін жинап, қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырайық. Ыңғайлы бір күнді белгілейік. Жоспар құрайық дедім. Біз университеттегі Ясауи пәндік олимпиадасы өтетін күнді ыңғайлы деп таптық. №3 оқу ғимаратының алдына ыңғайластырып жәрмеңке үстелдерін қойдық. Сатылымға түрлі тәттілер мен бәліштерді, сусындар мен компот шырындыларын таңдадық. Қолдан жасалған тіскебасарлар мен 200 теңгеден жиналған ақшаға сусындар алынған. Бұл істің басы-қасында жүрген Әлеуметтік ғылымдар факультеті мемлекет және жергілікті басқару, менеджмент мамандығының 1-2 курс студенттері. Расында да алға қойған мақсатқа жеттік. Қазақстанның түкпір-түкпірінен емтихан тапсыруға келген оқушылардың қайырымдылыққа үлесі тиді. Осы сәтте қайырымдылық сөзінің өзі қайырлы іс жасауға үлкен себепші болатынын ұқтым. Жәрмеңкеден 20 мың теңге қаржы жиналды. Екі отбасыға 10 мың теңгеден теңдей бөлінді. Қолымыздағы бар ақшаға азық-түлік, оқу құрал жабдықтарын сатып алдық. Бірінші Меруерт апайдың үйіне бардық. Үй іші қолымыздағы сөмке толы заттарды қуанышпен қабылдады. Балалар үйде болғандықтан, еңбек пәніне қажетті ермексаз, бояуларды бірден қолданып, ашып қарап жатты. Аналарының көңілі босап қалды. Аз-кем көңіліміз толқып, кішкене үнсіздіктен соң, екінші отбасының үйіне жол тарттық. Бұл отбасыны «Айтуға оңай» бағдарламасынан көрсеткен болатын. Біз дйттеген мекен-жайға да жеттік. Көдімің қараша үй. Баспананың сыртын айтағанда, ішінің өзі құлайын деп тұр. Қабырғалары түсіп, кей жерлері жарылған. Бір түрлі көңілсіз, қуаныш пен шаттық жоқ. Балалардың көзінде мұң. Әкелері жұмысқа кетті. Әйел үйдің берекесі. Бұл шаңырақтағы алты бала ананың аялы алақанына, мейіріміне мұқтаж. Жалғызбасты әке көзбен көргенге де, құлақпен естігенге де ауыр. Анасы ішкілікке салынып, баладан безген жанұяның бұл көрінісі қоғамда жиі айтылып жүрген «өкенің жақыңдығы жездедей-ақ» деген сөзді жоққа шығарады. Біз өз тарапымыздан кішкене болса да қол ұшын соза алғанымызға бақытты едік. Бірақ бір аптадан аса уақыт психологиялық күйзеліске түскенімді де жасырмаймын.

Бүкпесіз өңгімеңе рахмет. Руханияттың астанасына айналған Түркістан қаласында орналасқан Халықаралық қазақ-түрік университетінің студентісің. Білім алудан қатар қайырымдылық ниетте жәрмеңке өткізгенің, жеке концерт берудің өзі қандай ганибет! Әлеуметтік ғылымдар факультеті Менеджмент мамандығын таңдауың, домбыра үйірмесіне қатысып, өнерлі балаға айналуың тегін емес. Бәрі де бір-бірімен астасып жатқандай. Өзің грантта оқисың. Алар асуың әлі алда. Істеріңе сәттілік тілеймін.

P.S.: Бет қатталып жатқанда Нұрдәулет Қасымбектің Данагүл Бейсембектің анасы Сұлшаш Бейсембекованың есепшотына қайырымдылық мақсатында өткізген «Күй мейірімі» концертінен түскен 85 000 теңге қаржыны аударғаны жөнінде жылы хабар жетті.

Сұхбаттасқан: Гүлдана ҚАРАБЕКОВА

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

УӘЛИХАН ӘБДІБЕКОВ, АХМЕТ ЯССАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ, ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР:

«ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПЕН ҰЛТТЫҚ САНА»

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы қазақ қоғамында талқыланып жатқанына біршама уақыт болды. Әсеріңіз қандай? Ғалым ретінде қандай ой түйдіңіз?

— Еліміз Тәуелсіздіктің 26 жылын өткізіп жатыр. Осы кезеңде ұлттымыздың рухани жаңғыруы қазақ қоғамындағы ең өткір, ерекше маңызды мәселе болды. Сол жаңғыруды шындал қолға алатын кез енді келді. Елбасымыз, ұлт Көшбасшысы — ерекше дана тұлға. Президентіміз — қоғамның тамыршысы. Ешнәрсені қалт жібермейді. Қазақ қоғамында рухани жаңғыруды қолға алатын сәттің келгенін дәл анықтап халыққа арнап мақала жазды. Мақаланы бірнеше рет



оқып шықтым. Екінші қайталап оқығанымда қоғамның, әрбір азаматтың алдында тұрған міндеттерді екішп, айқындай түсу міндетін қойдым. Осы тұрғыдан қарадым. Бұл жәй мақала емес, бағдарламалық құжат. Үкімет осы құжаттан туындайтын міндеттерді айқындап, оларды іске асырудың алдағы 5, 10, тіпті 20 жылға арналған бағдарламасын дайындауы қажет.

— Сөзіңізге толық қосыламын. Бірақ профессор мырза, Елбасы мақаласындағы ерекше әсер еткен кейбір мәселелерді нақтылай кеткеніміз дұрыс болатын сияқты.

— Мақала соншалықты салмақты, онда әрбір сөйлемнің арқалап тұрған жүгі бар. Сонда да болса көтерілген мәселелердің арасынан бүгін сөз етуге ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сананың сапасын жетілдіру, отансүйгіштікті қалыптастыру мәселелерін ұсынар едім. Елбасы мақаласында жоғарыдағы мәселелер аталды және қалай іске асыру керектігін анықтап берді. Енді оларды орындау тетіктерін белгілеп, білек сыбанып іске кірісуіміз керек. Елбасы тапсырмаларын орындауға шығармашылықпен қарап, сапалы орындауға тиістіміз. Маңыздысы осы. Сондықтан ғылыми ойлау қабілеттері бар азаматтар өз идеяларын айтқаны дұрыс.

— Мысалы... — Қазақстан азаматтарының ұлттық санасын дұрыс қалыптастыруымыз керек. Бұл мәселе ұлттық бірегейлікті орнықтыруға да тікелей ықпал ететін белгілі. Осы орайда көркем әдебиеттің мүмкіндігін дұрыс пайдалануымыз қажет.

Жас кезімде француздың белгілі жазушысы жазған көлемі 6 беттен тұратын шағын еңімені оқығаным. Оқиганың желісі былай. Қарақшы қуғыншылардан қашып келе жатып алты жасар баланы кездестірді. Оған мән-жайды түсіндіреді. Өзін жасыруды және қуғыншыларға айтып қоймауын сұрайды. Қуғыншылар балаға өте қымбат және көркем сағат береді. Бала қуғыншыларға қарақшының қайда жасырынғанын айтып қояды. Баланың әкесі өте қатал және әділ кісі еді. «Өз мейманыңды өзің ұстап бердің». «Біздің ұрпағымызда мұндай сатқындық болып көрген емес еді» дейді. Баланы үйдің сыртына алып шығады да атып тастайды. Өлі күнге дейін есіме түссе, ойға шомам. Сол әкенің шешімі осы күнге дейін бүкіл адамзатты ойландырып келеді. Осы сияқты әдебиетте осындай шығармалар көп. Елбасының мақаласында 100 оқулық және 100 жаңа есім туралы кітаптар шығару керектігі айтылған. Осы арада өлем әдебиетін ақтарып, жас ұрпақты ойландыратындай 100 шығарманы мектеп бағдарламасына енгізуді ұсынар едім. Бұл Елбасының тамаша идеяларын қолдау болар еді. Өлем әдебиетінің жауһар шығармаларының тізімін жасап, ұсыныс жасасақ қолдау табатынына сенемін.

Осы орайда тағы да бір мәселе бар. Рухани жаңғыруға ғалымдарды белсендірек қатыстыру керек. Қазір кім көп, ғалым көп. Олар — белгілі бір дәрежеде ғылымда жаңалықтары бар ғалымдар. Бірақ қоғамда үндері шыға бермейді, өз ойларын бөліспейді. Нәбір идеялары көкіректерін шықпай тұншығып жатқан болуы керек. Соларға телеарналардың бірін беріп қойсақ, қоғам ашығырақ болар ма еді деп ойлаймын.

— Өлгінде ұлттық салт-дәстүр, ұлттық тарихы, ұлттық менталитет деп қалдыңыз. Елбасының рухани жаңғыру туралы мақаласында осы мәселелер

де айтылған. Елбасының идеяларын қолдап, рухани жаңғырудың осы тұстарын жандандыра түсу үшін не істеу керек?

— Парижге барған бір сапарымда Луврдан көрген суретім еске түседі. «1346 жылы француздардың Парижде ағылшындардан азат ету сәті» деп аталатын сурет болатын. Сонда француздар өздерінің тәуелсіздігін 1346 жылдан басталады деп сурет арқылы шегелеп қойған. Ең қызығы сол, сурет 1896 жылы Францияның сол кездегі премьер-министрінің тапсырысы бойынша салынған. Ұлттың, мемлекеттің тарихын суретпен жеткізудің әсері ерекше. Бізде мұражайлар көп, әр облыс орталығында бар. Бірақ мемлекеттік сурет галереялары жоқ. Қазақ халқының менталитетін, ұлттық салт-дәстүрін, тарихын дәріптейтін ұлттық деңгейдегі сурет галереялары керек. Суретті кез келген шетелдік түсінеді. Өнер ұлт талғамайды. Аударманың қажеті жоқ. Суреттің атын қазақша, орысша, ағылшынша жазып қойсаң болды. Сондықтан Ұлттық суреттер пинотекасын немесе галереясын әзірлеу қажет. Ол галереяны «ЭКСПО – 2017» көрмесі өз жұмысын аяқтаған соң сонда босаған бір ғимараттың ішінен ашса дұрыс болар еді. Ахмет Ясауи университеті ұлт тарихын суреттермен бейнелеу мәселесінде бірқатар жұмыстар жасап жатыр. Қазірдің өзінде 60-тан астам тарихи, мәдени суреттер салып, даярлап қойдық. Оқу орнының мәдениет сарайында суреттер галереясы ашылды. Суреттеріміздің біразы қазір сонда тұр. Оларды зер салып қарағандар біраз нәрсеге қанығады. Оларда тарих бар, ұлттық менталитет бар. Бір назар аударатыны, шетелден келген меймандар галереямызды тамашалап ұзақ жүреді. Өз азаматтарымыз суреттердің алдында ұзақ аялдап қалады, ойланады. Егер мемлекеттік сурет галереясы ашылатын болса біз дайындаған суреттерді эскиз ретінде пайдалануға ұсынатын едік. Осы идеяны республикалық деңгейде өткен бір-екі басқосуда айттым. Өкінішке қарай, лауазымды тұлғалар айтарлықтай мән беріп, назар аударма қойған жоқ.

— Бәрі санаға, идеяны қабылдау жылдамдығына байланысты болса керек. Елді, ұлтты қайтсек әлемге танытамыз, деген ұмтылыс болса лауазымды басшылар ойланатын-ақ мәселе екен. Кейде маған мынадай ой келеді. Неге рухани жаңғыру идеясын Елбасының өзі қолға алды, арнайы мақала жазып, дүйім жұртқа ой салды?! Зиялы қауым қайда, мүйізі қарағайдай идеологтарымыз бар емес пе?!

— Дұрыс айтасыз. Біз отаншылдықты Елбасымыздан үйренуіміз керек. Рухани жаңғыру туралы мақаласы осыны айғақтайды. Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстанымыздың Тұңғыш Президенті көрегендігін қаншама рет дәлелдеді. Астанамызға қараңызшы?! Қазір Астана әлемдегі ең танымал қалаға айналды. Женева, Брюссель сияқты. Өлемдік көшбасшылар жиналып бас қосатын орталыққа айналды келеді. Елбасымыз Қазақстанды әлемдегі озық 50 елдің қатарына қосу стратегиясын көтерді. Қосылдық. Енді озық 30 елдің қатарына ену үшін барлық күш-жігер жұмсалып жатыр. Бірақ озық 30 елдің қатарына ену үшін біз рухани тұрғыдан да жаңғыруымыз керек. Президентіміздің мақаласын оқыған соң маған осындай ой келді. Рухани жаңғыру дегеннің өзі рухы биік қазақстандықтарды тәрбиелеу дегенді білдіреді. Бұл орайда ойланатын мәселелеріміз жеткілікті. Олардың көбісі Елбасы мақаласында жан-жақты айтылды. Енді оны орындауымыз керек. Рухани жаңғыру барысында біз Елбасының мақаласынан туындайтын міндеттерді мемлекетіміздегі бірде-бір ұлттың немесе ұлыстың түсінбеушілігін тудырмайтындей етіп орындауға тиістіміз. 28 ұлттар мен ұлыстардың өкілдері білім алатын тәжірибесі бар университеттің атынан айтарым, мәжбүрлеу емес қажеттілік тудыру арқылы барлық белестерді бағындыруға болады. Бұл тілді үйрену мәселесіне де қатысты.

— Осы арада Елбасы мақаласында айтылған, әсіресе, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесінде не дейсіз?

— Отансүйгіштік ұлттық бірегейліктің негізгі буындарының бірі болуға тиісті. Жастарға күнде «патриот бол» деп айта бергеннен нәтиже шықпайды. Жүйелі жұмыс керек. Кеңес Одағының құрамында болған жылдарда жасөспірімдер бірінші октябрят болатын. Кейін пионерлер сапына қабылданатын, одан соң комсомол болатын. Есейген соң коммунистік партия қатарына өтетін. Жүйе бар еді. Сол жүйе келмеске кетті. Оны аңсап отырған жоқпыз. Бірақ сол идеологиялық жүйенің орнына не бердік? Қазір жүйелі жұмыс аз, еңгіме көп. Олардың орнына жат идеология кіріп алған жағдайлар да бар. Жігіттер жүйелердің орнын ұлттық салт-дәстүрлерімізді насихаттау арқылы толтыруымызға болады және өлемдегі ең үздік әдеби шығармалармен толықтыру арқылы жүзеге асыруға болады. Біздің жастар өте алғыр және батыл, жаңалықтарға жақын. Жастарды пендешілік бағытынан отансүйгіштік бағытқа жетелеуіміз қажет. Азаматтары отансүйгіш мемлекетте жемқорлық болмайды. Біздің жастарымыздың отансүйгіштік тәрбиесі биік болса, адамгершілік тарапынан ойлану қабілеті жоғары болса, болашақта Қазақстан жемқорлықтан түбегейлі құтылады. Себебі, отансүйгіш жастар Қазақстанның тәуелсіздігін көзінің қарасындай қорғайды, жемқорлық тәуелсіздіктің жауы екенін біреміз білеміз. Отансүйгіштік — тәуелсіздіктің кепілі! Біз рухани жаңғыруымыз керек.

— Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Қуандық ОРАЗБЕКҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
педагогика ғылымдарының кандидаты,

«Айқын» газетінен 24-мамыр, 2017 жыл

ЖАҢҒЫРУ-ЖАҢА БИКТЕРДІҢ БАСТАУЫ

Еліміз өзінің тәуелсіздігін алып, өз алдына жеке отау тіккеніне де, міне, ширек ғасыр өтті. Тарих үшін қас-қағым сәт болғанымен жаңа құрылып жатқан жас мемлекет үшін бұл ғасырға бергісіз сынақ болды. Өлі идеологиясы қалыптасып үлгермеген, не экономикасы жөнді жолға қойылмаған, ілгері басқан қадамы кейін кетіп тұралап тұрған кезеңде елді ескі сурлеуден жаңа арнаға бұру оңай болмады. Мемлекеттің бюджетінде ақша жоқ, әлі төл валютамыз да дүниеге келмей тұрған кезең еді. Социалистік жүйе ыдырап, оның орнына капиталистік қатынастар келе бастаған кезеңде алдымен сол жүйені білетін кадрлар да жоқ болатын. Дүкен сөрелерінде халыққа қажетті тауарлар тапшы, кәсіпорындар бірінен соң бірі жабылып жұмыссыздықтың шарықтау шегіне жеткен кезең болатын. Елді тығырықтан алып шығу үшін дер кезінде қажетті заманауи реформалар жасамаса еңсені езген күйреуден шыға алмайтын түсінген Елбасы парламентпен біріге отырып көптеген жаңашылдықты қолға алды. Заңға өзгерістер енгізу арқылы шетелдік инвесторлардың келіп жұмыс жасауына қолайлы мүмкіндіктер туғызды. Елдің әлеуетін тіктеу үшін шағын бизнесерді қолға алу ісі оңтайлы шешімін тауып жатты. Осындай қысқа мерзім ішінде қолға алынған реформалар келелі істердің жүзеге асуына өз септігін тигізіп жатты. Есін жиып үлгерген халық та нарық қатынастарына бейімделіп алды. Өз кәсібінің нәсібін таба бастаған соң, бұрынғы ұмыт бола бастаған ата-баба тарихын түгендеу жолында өзара ұйымдасып жекелеген істерді қолға ала бастады. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі атқа қонған батыр бабаларына ас беру, сол жайлы сақталған мәліметтер мен аңыздарды кітап етіп бастыру, өздері тұрып жатқан аймақтарда еңселі ескерткіштерін тұрғызу ісі де көбіне халықтың ішінен шыққан жомарт азаматтардың қаржылай қолдауы арқасында жүзеге асып жатты. Дінін ұмытқан халық шарифат заңы негізінде қалыптасқан өзінің салт-дәстүрінен де ажырай бастаған болатын. Рухани жаңғырудың негізінде қазір көпшілік қауым жамағат болып намазға ұйыды, жер-жерде мешіттер бой түзеп, дініміздің ажары кіре бастады. Имани қадамға аяқ басқан жастарымыз көбейді, теледидар мен бұқаралық ақпарат құралдарынан да дініміздің асыл қасиеттері мен артықшылықтары насихаттала бастады.

Халқымыздың қастерлейтін жақсы қасиеттері баршылық. Соның ең үлкені — қанағатшылдық. Ғасырлар бойына аталарымыз ұрпағын сабырлы болуға, үлкенді құрмет тұтуға, барынша қанағатшыл болуға үйретіп келген. Бұл да ислам құндылықтарынан келіп шығады. Ислам дінін тарату жолында аянбай еңбек еткен Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Арыстан баб тағы да басқа ғұлама бабаларымыздың салған сара жолдары ғасырлар бойы ұрпақтың тура жолмен жүруіне мәңгілік азық болып келеді. Бұл жолды кейін Абай, Шөкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт сияқты ұлы ақындар да жалғастырды. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан мәдениеті жоғары халықтың болашағы да жарқын болмақ. Тәуелсіздік алған соң еліміз бұрынғы үзіліп қалған ата-баба жолын жаңғырту жолында тек қана ғалымдарымыз ғана емес, сонымен қатар ел ішінен шыққан жанашыр көзі ашық азаматтар да талмай ізденіп келеді. Республика деңгейінде істеліп жатқан еңбектер қазіргі кезде көзі қарақты азаматтардың барлығына белгілі. Солардың қатарында аймақтық деңгейде жасалып жатқан қыруар шаруалар да өз бағасын алуы тиісті. Ауыл-аймақтың гүлденуіне өз үлесін қосып жатқан патриот ұлдарымыздың да осы қысқа мерзім ішінде ел үшін істеген еңбегін жас ұрпаққа насихаттап отыруды қолға алған дұрыс.

Түркістан аймағы қашанда өзінің дарынды перзенттеріне кенде болмаған. Түркі мәдениетінің айрықша өркендеуіне өз үлесін қосқан, түркі ислам мәдениетін қалыптастыру жолында сара жол салған, түркі сопылық әдебиетін қалыптастырушы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың түркі дүниесіндегі орны айрықша болып қала береді. Қазақстан тәуелсіздік алған соң қазақтың рухани дамуының темірқазығына айналған Ясауи жолы — мәдениетіміздің ажырамас бір бөлігіне айналып кеткен болатын. Елбасы Н.Ә.Назарбаев еліміз тәуелсіздік алған тұста өзінің өкімімен Қ.А.Ясауи атындағы Түркістан университетін құру туралы жарлыққа қол қойған еді. Кейін бұл оқу ордасы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта құрылды. Осылайша ғасырлар бойы түркі мәдениетін дамыту жолында қызмет етіп келе жатқан киелі Түркістан топырағында қазіргі заманға сай кешенді оқу орны бой түзеді. Бұл оқу орнын салуға атсалысқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ осы оқу орнының білімі мен ғылымын дамыту жолында еңбек еткен академиктер мен профессор ұстаздардың жүріп өткен жолы мен тағдыры туралы айтылып, жастарға өнеге ретінде ұстаздық келбетін танытатын мақалалардың жазылатын да кезі жетті. Елбасы өзінің «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған «Болашаққа бағдар — ұлттық жаңғыру» атты мақаласында «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы — Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс таппақ», — деген болатын.

Егемендікке енді қол жеткізген тұста экономикамыз тұралап, қиындықты бастан кешіп жатқан кезеңде ел ішінен шыққан бизнесмендер, зиялы қауым өкілдері мен елге жанашыр азаматтардың да елдің жағдайын жақсарту жолында атқарған қыруар жұмыстары қазіргі кезде жас ұрпаққа айтылуы керек. Түркістаннан шыққан академик Алдан Айымбетов қазақтың намысын ешкімге қор қылмаймын деп өз қаржысына «Қазахская правда» атты газет шығарып, жатқа кеткен қазақтың намысын қорғау жолында өзі шығарған сол газетті әрбір мекемеге өз аяғымен жүріп тегін таратқаны бар. Өзі бақылық болғанға шейін бар жиған дүниесін қазақтың рухани дүниесіне жұмсаумен болды. Бұл ерлігін кезінде «Қазақ» газетін шығарған алашорда партиясының көсемдерінің бірі А.Байтұрсынұлының ерлігімен теңеуге болады. Москвадағы академик К.Мұсаев та үлкен түрколог-ғалым. Ол да Түркістан аумағында дүниеге келген бүгінде екінің бірі біле бермейді. Қазіргі кезде жоғалып бара жатқан қарапайым халқының тілін зерттеп жүрген бірден-бір ғалым да осы азамат. Осындай қайсар ұлдардың еңбектері де елеусіз қалып барады. Сондай-ақ қазақ мәдениетін төрткіл дүниеге таныту жолында қызмет еткен академиктер О.Балабеков, Р.Бердібай, М.Жұрынов, Ө.Баешов, О.Сәбденовтердің еңбектері де орасан. О.Балабековтың еңбегін елеген орыс зиялылары Ресейде оның атынан степендия тағайындалған. Р.Бердібайдың қазақтың тілі мен рухани дүниесін қорғау жөніндегі жазған мақалаларын кезінде ұлтшылдық деп қабылдап, жатқан қуғындалғанында қазіргі жастар білуі тиісті. ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері, халық артисі, режиссер Р.Сейітметов Түркістанда театр ашып, шәкірттер дайындау жолында талмай еңбектенумен болды. Соның негізінде оның шәкірттері қазіргі кезде Қазақстан Республикасына танымал болып, өз театрларын қалыптастырды. Осы секілді өнер саласында елімізді шетелге танытып жүрген әншілеріміз, спорт саласынан шыққан О.Жарылқапов, Ә.Нұрмахановтардың жеңісті жолдарын жалғастырған Б.Саттарханов, М.Ділдабеков, А.Таңатаров секілді даңқты ұлдарымыздың да еңбегі арнайы жазылуы тиіс. «Ел іші — өнер кеніші» демекші ел ішінен шыққан патриот ұлдарымыздың елге сіңірген елеулі еңбектері келешек ұрпаққа өнеге болып қала бермек. Б.Шойбеков секілді ақындарды дайындаған талантты ақын Қ.Сарыбаевтың да шығармашылығы әлі күнге зерттелмей келеді. Осындай таланттардың барлығы «100 жаңа есім» аясында кеңінен қарастырылғаны дұрыс.

Б.ӨБЖЕТ,
Түркология ғылыми-зерттеу
институтының жетекші ғылыми қызметкері

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодыңды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жекегісі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қояға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Менің айтпағым Ел Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы туралы болмақ. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкіектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

Елбасы елдің бүгінгі мен болашағы туралы ой толқындарын – қуатты сезім ағысымен жүректен өткізе отырып толғана, тебірене сыр шерткенде, таңданыстан бас шайқамау қиын. Оның Отанға, елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі сүйсінеті. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жарқатануы, халықаралық коммерциялық, һәм концептуалды жобаларды ілгерілетуі маңызды. Бұл – Қазақстан көшбасшысы айтқан «бәсекеге қабілеттіліктің» бір шарты. Тәуелсіздік ала отырып, Қазақ елі «күрес кеңістігіне» аяқ басты. Бодандықтағы ел бәріне мойынсынуы, көндігуі, ассимиляцияға ұшырап, жойылып кетуі мүмкін. Тәуелсіз елге ешқашан ертеңге енжарлық танытуға, саяси және экономикалық өмірге селқос қарауға болмайды. Оның

бере отырып, қай уақытта, қалай латын қарпіне өтетінімізді айтып отыр. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздары, мерзімді баспасөз, оқулықтар, бәрі де латын әліпбиімен басылады деген сөз. Бұл қоғамдық ғылымдар үшін міндеттелетін үлкен шара болары анық. Әсіресе, Тіл білімі институтына үлкен жауапкершілік артып отыр. Елбасы биылғы жылдың соңына дейін қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау жөнінде, 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілетіні айтылған. Әрине, бұған үлкен дайындық керек.

Елбасы жаңа тұрпатты жаңғырудың басты шарты – ұлттық кодыңды сақтау екенін баса айтып, онсыз жаңғыру дегеніңіз – құр жаңғырық дегені орынды. Мақалада айтылған ойлардың тереңдігінен Елбасының тарихты терең білетіндігі, сонау түркі халқының көне жазуынан бастап барлығын ой елегінен өткізе айтқанын байқау қиын емес.

Расында, халқымыз небір аласапыран замандарда көп қиындық көрді. Араб жазуынан латынға, латыннан кириллицаға көшіп жүре тұра халқымыз білімге ұмтылысының арқасында ешбір халықтан қалыс қалған жоқ. Бұл біздің жоғары мәдениеттілігімізді аңғартса керек. Бүгінгі міне, тәуелсіз елде есімізді жинап, өз жазуымызды қалыптастыруымыздың сәті келген сияқты. Себебі, оң мен солымызды әбден танып, өткеннің кемшіліктері мен жетістіктерін бойымызға сіңіріп нақты шешім жасайтын дәуірге жеттік. Сондықтан бұл – Елбасының сарабалдан саясатының аясында жасалған үлкен қадам.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын биылғы Жолдауының заңды жалғасы іспетті. Елбасы еңбегінде елді рухани жаңғырту мәселелерін қозғайды. «Біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыртуды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу... Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», – дейді Елбасы. Шын мәнінде, көз ілеспес шапшаңдықпен дамып, жедел өзгеріп отырған мына дүбірлі дүниеде, Елбасы айтқандай, сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңісті болып қалған таптаурын қағидалардан арылып, рухани жағынан серпілуіміз, жаңғыруымыз қажет. Бұл арада рухани жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтау екенін ердайым есте ұстап, әлемдік өзгерістерге сай жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырғанымыз абзал. Ұлттық кодыңды сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ
КОММУНИКАЦИЯНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН
КЕҢЕЙТЕДІ

Тап қазір ел ішінде латын әліпбиіне көшу мәселесі қызу талқыға түсіп жатыр. Баспасөз арқылы бірқатар ұсыныстар ортаға салынып, олардың түйінді ойлары «Латын әліпбиіне көшуге қарсылық – ұлт мүддесіне қарсылық!», «Латын әліпбиі – рухани тәуелсіздік жолы», «Латын әліпбиі – келешектің кілті», «Латын әліпбиі – тәуелсіз ел ретінде еркін таңдауымыз» сияқты тақырыптар сипатында көрініс табуда. Бұлардың барлығында да



латын әліпбиіне көшудің тиімді тұстары айрықша атап көрсетілген.

Елбасымыз Н.Назарбаев алдағы жылдарда мықтап қолға алынуды қажет деп тапқан бірнеше жобалардың ішінен осы латын әліпбиіне көшу мәселесін айықпай алып отыр. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалатыны» айтылған. Яғни, 2025 жылдан бастап біз іс қағаздары, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Латыншаға көшу қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Қазір мектеп жасындағы балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әліпбиіне көшу ешқандай қиындық тудырмайтынының дәлелі.

Биылғы жылдың аяғына қарай қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасы бекітілмек. Келер жылдан бастап ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар тереңдетіле жүргізіліп, жаңа әліпбиді үйрететін мамандар даярлана бастамақ. Орта мектептерге арналған жаңа форматты оқулықтардың әзірленетіні де даусыз.

Елбасы: «Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе, – деп қадап айтты. – Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасаған жоқ. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесу тәсілімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады».

Бүгінде латын әліпбиіне көшу мәселесін көпшілік түсінген ыңғайда. Ендігі толғақты түйін – латын әліпбиіне көшкен жағдайда қазақ қарпіндегі латын әліпбиі қандай болмақ? Осы мәселеге қатысты өз пікірмен баспасөз арқылы филология ғылымдарының докторы, Еуразия ұлттық университетінің профессоры Шәкір Ыбыраев та бөлісіпті. Профессордың айтуынша, қазақ тілінің дыбысталу жүйесіне сайма-сай келетін әріптер жүйесін таңдап алуымыз керек. Бұл жоба бойынша қазақ әліпбиінің санын 30 таңбаға дейін азайтуға болады екен. Профессор осы әліпби қазақ тіліндегі кез-келген сөзді жазуға толығымен жетеді деп есептейді. «Қазақ тіліне икемделген латын әліпбиін игеру ешқандай қиындық тудырмайды. Айталық, Өзбекстан латын әліпбиіне бір күнде көшкен жоқ. Әлі күнге дейін журналдары кириллицамен шығып, көшелерінде кездесіп қалады. Латын әліпбиімен тәрбиеленген ұрпақ кейін оларды оқудан қалып, өзінен-өзі ығыстырылып шығып қалады. 42 таңбамен жазуда ереже көп. Іс жүзінде тілді үйренушіге, балаға оқытып жатудың өзі ауыр. Біразы оның біздің тілімізге тән емес таңбалар. Оның барлығын кириллицадан сол қалпы ала салғанбыз. Орыс тілінен кірген сөздерді сол қалпында жазайық деген принцип болған. Енді жазуды қиындатпаудың тиімді жолын қарастыруымыз керек», – дейді белгілі түрколог-ғалым.

Филолог-ғалымдар жаңа жазуға көшу арқылы кирилл әліпбиімен күштеп ендірілген өзгерткіш дыбыс-әріптерден, орысша қалай жазылса, қазақ тілінде сол қалпында жазуға мәжбүрлейтін емле ережелерден құтылуға болады деген пікірде. Яғни, қазақ тілінің табиғатына тән емес дыбыстарды әліпбиге кіргізеу арқылы қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, табиғи бітім-болмысын сақтап қала алады екенбіз.

Латын әліпбиіне көшу мәселесін күні бұрын қозғап, қадау-қадау мақалалар жазып жүрген «Қазақ үні» газеті: «Тіліміздің дыбыстық жүйесіне негізделген әліпбиін құрастырып, төл дыбыстарымыздың тіркесім заңдылығын сақтай алсақ, емле ережемізді дұрыс түзуге де, жалпы халықтың сауатты жазуына да зор мүмкіндік туар еді», – дейді.

Латын қарпіндегі қазақ әліпбиінің мәселесі қазіргі таңда Мемлекеттік тілді дамыту институтында да қызу талқылануда. Алдағы уақытта көпшіліктің талқысына латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобасы ұсынылмақ. Профессор Әлімхан Жүнісбек: «Қазіргі әліпбиі – қазақ әліпбиі емес, тіпті, қазақ-орыс емес, орыс-қазақ әліпбиі. Сондықтан латын әліпбиіне өту науқанын бір әліпбиден екіншісіне өту емес, қазақ жазуына реформа жасау деп түсінгеніміз дұрыс. «Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін» деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Қазір қолға алып жатқан дүниенің бәрі біз үшін емес, бүгін-ертең балабақшаға баратын ұрпақ үшін жасалып жатқан тірлік. Ол үшін қазақтың жазуы ұлттық болуы керек. Біріншіден, қазақ тілінде қанша төл дыбыс бар, соның басын ашып алу керек. Қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс, 17 даусыз дыбыс, бас-аяғы 28 дыбыс бар. Яғни, бізге керекті 28 таңба дейді».

Латын әліпбиіне көшу-көшпеу турасында күні бүгінге дейін өрбіген пікірталастың нүктесін Елбасы қойды. «Біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы. – Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек».

Ендігі үміт білікті ғалымдар бірлесіп әзірлеген латын әліпбиіне қатысты ұлттық жоба. Күтейік!

P.S.: Осы тұста баспасөз үшін күнделікті тақырып машығына айнала бастаған «латын әліпбиіне көшу» тіркесін «қазақ әліпбиіне көшу» ұғымымен алмастыра бастасақ, алдағы уақытта «қазақ әліпбиі» деген тіркес бірте-бірте қолданысымызға еніп кетер ме еді деген бір ой қылаң береді...

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
доцент.



үстіне мемлекеттілікке төнген жаһандық сын-қатерлер саны артқан сайын «күрес кеңістігі» де кеңеюде. Тәуелсіз мемлекеттер үш басты аждаһадай анталаған экстремизммен, сепаратизммен, терроризммен күресуге мәжбүр. Жас мемлекеттер тәуелсіз ел ретінде өмір сүруі үшін күресуге мәжбүр. Бұл күрестен мемлекет ешқайда қаша алмайды. Қашса, тек тарихтың қойнауына, тұңғығына ғана жол тартады. Сондықтан Мемлекет басшысы жат идеологияларға ұлттық құндылықтарымыз бен отаншылдығымыз арқылы төтеп беретінімізді атап көрсетті. Елбасы мақаласының «Прагматизм» атты бөліміне назар аудартқым келеді. Батыста, ірі державаларда болып жатқан сайлау науқандары тіпті дамыған елдерде де жұртшылықтың бос демагогия мен популизмге қарсы иммунитетінің жоқтығын, өтірік – қаңбақ, шын – салмақ екенін түсіне бермейтінін паш етті. Әлемде шын жүріктердің емес, «тіл жүріктердің» заманы туған ба дерсіз. Бұл халықаралық қоғамдастық кезігіп отырған кезекті «сын-қатер» болса керек.

«Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады» деген Н.Назарбаев алдағы онжылдықтардың ұранына «реализм мен прагматизмді» ұсынады.

«Жалғандық жарға жығады» дейді қазақ даналығы. Біз – бабалар батасы дарыған, ата аманатын аялаған өлміз. Сондықтан Елбасы Тәуелсіздік жылдары қоғамды бос демагогия дертінен арылтуға күш салды. Оның орнына елді өркендетер түбегейлі жаңаруларға жұмылдырды. Білім биігіне, ғибратты ғылымға, өнімді еңбекке бағдарлады. Бұл – қалыпты өмірді қауіпті өмірге айналдырмаудың және нақты жаңғырудың қамы.

Біз ұлтымыз бойындағы тек жақсы қасиеттерді дамытсақ, озық білім мен үздік жаңалықтарды дарытсақ, жымып күліп, жылмаң сойлеп, жыландай жылжыған жат идеологияларға лайықты тойтарыс берсек, жерұйықтай мемлекетке айналамыз.

Әсіресе, көптен күтіп жүрген латын қарпіне көшу, жазуымызды қалыптастыруға байланысты айтылған мәселесі орынды көтерілді деп ойлаймын. Мемлекет басшысы 2012 жылы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан – 2050» стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдеген болатын. Сондықтан бұл мақаласында Үкіметке нақты тапсырма

өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың сана-сы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру деген сөз.

Елбасы рухани жаңғыруымыздың басты құндылығы ретінде бәсекеге қабілеттілікті ұсынады. Бүгінгі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелестік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатынына ұлт көшбасшысы ерекше назар аударып отырғаны бекер емес. Өйткені әлемдік бәсекеге қабілеттілік ұлтымыздың экономикада ғана емес, рухани әлемде де озық болуын қажет етері сөзсіз.

Рухани жаңғыру ұлттық кодыңды сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Елбасы айтқандай, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Әрине, ұлттық құндылықтардың бәрі жас ұрпаққа отбасынан, балабақшадан, мектептен берілері анық. Жоғары оқу орындарында ол одан әрі тереңдетілуі тиіс. Сондықтан ата-ана да, орта мектеп пен жоғары оқу орындарының ұстаздары да ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қойғаны абзал. Мысалы, біздің Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 2009 жылдан бері «Ұлттық тәрбие», «Абайтану» пәндері оқытылып келе жатқаны осы ұлтжанды азаматтарды қалыптастыру мақсатынан туындағаны сөзсіз.

Қазір бұл бастамамыз елімізде кеңінен қолдау тауып, жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбиені оқытуға ерекше ден қойылууда. Абай мұралары да ұлттық құндылықтарға толы. Оның ішінде халықтың би-шешендерінің, ақындарының, күйшілерінің мұралары рухани байлығымыздың қайнар көзі. Біз оларды мектепте де, жоғары оқу орындарында да мына өзгермелі заманға лайықтап оқытып, ұрпақ игілігіне айналдыруымыз керек. Білім беру саласы да үнемі ұлттық сипатпен байытылып отырса, нұр үстіне нұр.

Б.ҚУАТБЕКОВ
Компьютерлік инженерия
кафедрасының меңгерушісі

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Бетті жүргізуші журналист Ғалымжан Тәжібаев

Түрк Дүнясы Газетцелери ве Үазарлары Түркстан'да булушту

Түркстан Түрк дүнясы күлтүр бақкенти анісина Гүней Казакстан Еялеті валілігі іле Түрк Академісі тарандан дүзеленен "Түрк Дүнясы Енформasyon Алаңы" Улусларарасы Медя Форму Аһмет Үесеви Универсітесі Күлтүр Меркезінде герчеклешти. Форум, Түрк дүнясы газетцелер

Түмебаев ділі, діні ве сою ағын олан халқларын басын, ағын бірлігінің сағланması Түрк дүнясы бірлік ве берберлігі даға сағлам темеллере отуртұлақанын іfade етті.

Prof. Dr. Canseyit Түмебаев конушмасının devamında шұларны kaydetti. "Nursultan Nazarbaev'in Түрк

Аһмет Үесеви Универсітесінде "Түрк Дүнясы Шіір Үарышması" yapıлды



10-15 Mayıs 2017 tarihleri arasında, Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesi tarafından düzenlenen ve Hazırlık Fakültesi Türkçe okutmanlarının koordine ettiği "Türk Dünyası Ödüllü Şiir Yarışması" yapıldı.

İki aşamada gerçekleşen yarışmaya 100'e yakın öğrenci müracaat etti. Türk, Kazak, Kırgız, Türkmen, Özbek, Yakut ve Türk dünyasının birçok lehçelerinde okunan şiirlerle gerçekleşen yarışmanın ilk aşaması 10 Mayıs Çarşamba günü Merkez Kütüphanenin konferans salonunda yapıldı. Jüri üyelerinin değerlendirmeleriyle 15 öğrencinin şiiri final yarışmasına seçildi.

Yarışmanın final bölümü 15 Mayıs Pazartesi günü Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezinde gerçekleşti. Final programına; Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Hazırlık Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Ahmet Güngör, Türk Dili Bölüm Başkanı Yrd. Doç. Ahmet Kıymaz, Türkoloji Enstitüsü Müdürü Dr. Serdar Dağıstan, Türk Filolojisi Bölüm Başkanı Dr. Asil Şengül'ün yanı sıra çok sayıda akademisyen ve öğrenci katıldı.

Final programının açılış konuşmalarını yapan Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Hazırlık Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Ahmet Güngör, yarışmanın düzenlenmesinde emeği geçenlere ve tüm katılımcılara teşekkürlerini ileterek, yarışmacılara başarılar dilediler.

Türk dünyasının farklı lehçelerinden şiirlerle sevgi, ayrılık, gurbet ve vatan yolculuğunun yapıldığı final programında 15 öğrenci yeteneklerini sergiledi. Final yarışması, Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren'in başkanlığında Türkoloji Enstitüsü müdürü ve personelleri, Filoloji fakültesi bölüm başkanı ve öğretim görevlilerinden oluşan 11 kişilik jüri üyesinin değerlendirmeleriyle sonuçlandı. Yarışmada, "Abdurrahim Karakoç'un Yemin" şiiri ile katılan Uluslararası İlişkiler Bölümü öğrencisi Muhammed Mücahit Memiş birinci oldu. İkinci sırada Kazak öğrenci Bibigül İvanova kazakça şiiriyle derece alırken, Azeri öğrenci Ruslan Dostali Azerbaycan Türkçesiyle okuduğu şiirle üçüncü oldu. Ayrıca finale kalan diğer yarışmacılara da mansiyon ödülü verildi.

Yarışmanın ödül töreni final programının akabinde düzenlendi. Dereceye girenlerin ödülleri Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Doç. Dr. Ahmet Güngör ile Yrd. Doç. Ahmet Kıymaz takdim ettiler. Program son olarak yarışma anısına hatıra fotoğrafı çekilerek tamamlandı.

Аһмет Үесеви Универсітесінде "Түрк Сесі" ses yarışması düzenlendi

Türkistan Kültür başkenti Ahmet Yesevi Üniversitesi Prodüksiyon Merkezi tarafından üniversitemizin akademisyenleri ve personelleri ile Türkistan valiliği personelleri arasında "Turan Sesi" adlı şarkı yarışması düzenlendi.

değerlendirmeleriyle sonuçlanan yarışmada üniversitemizi başarıyla temsil eden Sanat Fakültesi Moda Tasarım ve Dizayn Okutmanı Erasil Kaumbaev birinci oldu. İkinci sırada yine Üniversitemizin Tıp Fakültesi Okutmanı Nursultan Nüreddinov derece alırken, yarışmanın üçüncüsü Tıp Fakültesi hastanesi personeli

17 Mayıs

Çarşamba günü

Türkistan Yerleşkesi

Kültür Merkezinde

düzenlenen yarışma

hocalarımızın, öğretim

üyelerinin, Rektörük

personelleri ile

yabancı personellerin

kazak sanatına

ilgisini artırma

ve kendi alanları

dışındaki doğuştan

gelen yeteneklerini

meydana çıkarma

amacıyla düzenlendi.

Yarışmanın

jüri üyeliğini Kazak

filolojisi ve Gazetecilik

Bölümü Başkanı

Prof. Dr. Bekjigit

Serdeli, Disiplin ve Kültür İşleri

Müdürü Lezzet Esentaeva ile

Yesevi Mürası gazetesinin

redaktörü Erimbek

Şapanulu yaptılar. İki

aşamada gerçekleşen yarışmanın

ilk bölümünde yarışmacılar Türkistan

Türk Dünyası Kültür Başkenti

anısına Türkistan konusunda

şarkılar söylediler. Yarışmanın ikinci

bölümünde ise katılımcılar özgün

şarkılar seslendirdiler.

Jüri Üyelerinin



Ulağa Takeeva oldu. Ayrıca Kadırrahim Baurıjan ve Svetlana Kuzembaeva isimli yarışmacılara da mansiyon ödülü verildi.

Yarışmanın ödül töreni programın akabinde yapılarak dereceye girenlerin ödülleri Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ve jüri üyeleri Prof. Dr. Bekjigit Serdeli, Lezzet Esentaeva, Erimbek Şapanulu takdim ettiler.



birliğı, Түрк дүнясы ортак каналы ве Түрк дүнясы ызарлары конуларında 3 отурумда дүзеленді.

12 Mayıs Cuma günü Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezinde gerçekleşen forumun açılış törenine; Güney Kazakistan Eyalet Valisi Prof. Dr. Canseyit Tümebaev, Türksoy Genel Sekreteri Prof. Dr. Düsen Kaseinov, Türk Akademisi Başkanı Prof. Dr. Darhan Kıdırali, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Valihan Abdibekov, Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ile çok sayıda akademisyen, gazeteci yazar ve Türk dünyasından diplomatlar katıldı.

Forumun moderatörlüğünü yapan Prof. Dr. Darhan Kıdırali konuşmasında Türk dünyası birliği ve beraberliğini artırma adına TÜRKSOY, Türk Akademisi, Türk Keneşi gibi birçok kuruluş oluşturulduğunu ifade etti. Prof. Dr. Darhan Kıdırali bu birlik ve beraberliğin sağlanmasında gazetecilerin ayrı bir yeri olduğunu belirterek bu alanda yapılacak faaliyetlerin en net bir şekilde iletilmesi için Türk dünyası gazeteciler birliğinin sağlanması gerektiğini dile getirdi. Prof. Dr. Darhan Kıdırali konuşmasının akabinde Türk dünyası gazeteciliğinin temellerini atan İsmail Gaspıralı anısına Türk dünyasına hizmet eden bazı gazeteci yazarlara "İsmail Gaspıralı Medya ödülü" verdi.

Akabinde açılış konuşması yapan Prof. Dr. Canseyit

Konseyi 4. Zirvesinde Türk Dünyası ortak haber ajansı ve ortak kanalı kurulmasını önermesiyle birlikte bunun ilk adımı olarak Türk dünyası gazetecilerini Türk dünyası kültür başkenti olan Türkistan'da bir araya getirme kararı aldık. Amacımız Türk, Kazak, Kırgız, Özbek, Türkmen, Tatar ve tüm Türk dünyası basınına bir çatı altında toplamak. Kökü bir halkları ortak dil ve tarih çerçevesinde bilim kültür ve sanat alanlarındaki çalışmalarla, siyasi ve ekonomik ilişkilerini en ileri seviyelere taşımak. Bu vesile ile burada ortaya atılacak fikirlerin Türk dünyası basını adına hayırlara vesile olmasını temenni ediyoruz." dedi Prof. Dr. Canseyit Tümebaev konuşmasının akabinde Türk dünyasına yapmış olduğu çalışmalarından dolayı Prof. Dr. Darhan Kıdırali'ye Türk dünyası üstün hizmet altın madalyası takdim etti.

Açılış konuşmalarının akabinde Türk dünyası gazeteciler birliği, Türk dünyası ortak kanalı ve Türk dünyası yazarları oturumlarında, TRT Avaz Kanal Koordinatörü Murat Akkoç, AA Uluslararası Haberler Yayın Yönetmeni Faruk Tokat, NTV Genel yayın yönetmeni Ahmet Yeşiltepe, Yeniçağ gazetesi yazarı Kürşat Zorlu, ünlü Kazak yazar Prof. Dr. Muhtar Şahanov'un yanı sıra Türkiye, Kazakistan, Kırgızistan, Türkmenistan, Özbekistan ile Türk dünyasından birçok gazeteci ve yazar bildiri sundular. Bu alanda atılacak adımlar hakkında fikir ve görüşlerini ifade ettiler.

Müdür Yardımcısı Uljalgas Ziaaeddinova programın açılış konuşmasını yaparak dünya hemşireler gününü kutladılar ve yarışmacılara başarılar dilediler.

Bilgi ve yetenek yarışmanın uygulamalı eğitim bölümünde yarışmacılar kendini ve iş alanını anlatma, oyunculuk, mesleki sorulara cevap verme, el becerileri ile sanatları gibi aşamalarda bilgi ve yeteneklerini sergilediler. Yarışmada dereceye girenler, Ahmet Yesevi Üniversitesi tıp fakültesi hastanesi ile Türkistan Med (tıp) koleji tarafından oluşturulan jüri üyelerinin değerlendirmeleriyle belirlendi. Yarışmada Ahmet Yesevi Tıp Fakültesi Hastanesi ameliyathane anestezi hemşiresi Rayhan Spandiyarova birinci oldu. İkinciliği Türkistan çocuk hastanesi hemşiresi Aygül Tursınbaeva alırken, üçüncü sırada Türkistan Talgat hastanesi hemşiresi Gülnara Aytımbetova derece aldı.

Yarışmacıların ödülleri yarışmanın sonunda hastane müdürü Fatih Öztekin, başhemşire Makbule Öztekin ile Med (Tıp) Koleji Müdürü yardımcısı Uljalgas Ziaaeddinova takdim etti. Program son olarak 12 Mayıs dünya hemşireler günü anısına fotoğraf çekilerek tamamlandı.

Üniversitemizin Hemşireleri Yarışıyor

Sağlıklı bireyler ve sağlıklı bir toplum için çok önemli ve kutsal bir görevi ifa eden hemşirelerin, 12 Mayıs Dünya Hemşireleri Günü münasebetiyle üniversitemizde "hemşireler yarışıyor" adlı bilgi ve yetenek yarışması düzenlendi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Hastanesi ile Türkistan Med (Tıp) Koleji tarafından düzenlenen yarışmaya Türkistan hastaneleri ve üniversite hastanesi olmak üzere 5 hastaneden katılım gerçekleşti. Her hastaneden 1 temsilci hemşirenin katıldığı yarışma iki farklı aşamada yapıldı. İlk olarak test sınavına tabi tutulan hemşireler sonrasında uygulamalı eğitim sınavında yeteneklerini sergilediler.

Yarışmanın son aşaması olan uygulamalı eğitim sınavı 11 Mayıs Perşembe günü Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezinde yapıldı. Yarışmaya Ahmet Yesevi Üniversitesi hastane müdürü Fatih Öztekin, başhemşire Makbule Öztekin, Med (Tıp) Koleji Müdürü yardımcısı Uljalgas Ziaaeddinova ile çok sayıda akademisyen ve öğrenciler katıldı. Hastane müdürü Fatih Öztekin ile Med (Tıp) Koleji

planlandı.

Yaklaşık bir ay önce Türk Keneşi; Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesinin ev sahipliğinde bir araya gelerek Türk Üniversiteler Birliği üyeleri ile Orhun Değişim Programı uygulama sürecine ilişkin bir toplantı düzenledi.

Söz konusu toplantıda alınan kararla birliğe üye üniversitelerin katılımıyla Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesinde 15-19 Mayıs 2017 tarihlerinde "Birlik için spor..." sloganıyla "1. Türk Üniversiteler Birliği Spor Oyunları"

Kırgızistan-Türk Manas Üniversitesinin ev sahipliğinde düzenlenen Türk Keneşi Türk Üniversiteler Birliğinin 1. Spor Oyunları 15 Mayıs Pazartesi günü Bişkek'te açılış yaptı. Türk Keneşi Türk Üniversiteler Birliği Birinci Spor Oyunlarının açılış töreni; Türk Keneşi'ni temsilen Proje Direktörü Asan Mazhitov, Türk Keneşi Türk Üniversiteler Birliği Dönem Başkanı ve Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Sebahattin Balci,

Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ve Üye Üniversitelerin Rektörleri ile temsilcilerinin katılımlarıyla gerçekleşti.

Kırgızistan-Türk Manas Üniversitesi Cengiz Aytmatov kampüsü açık spor sahasında gerçekleşen Spor oyunlarının açılışında konuşan Türk Keneşi temsilcisi Assan Mazhitov ve Kırgızistan-Türk Manas Üniversitesi Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Asylbek Kulmyrzaev, düzenlenen bu organizasyona Türk dünyasına

hayırlara vesile olmasını temennisinde bulunarak tüm katılımcılara teşekkür ettiler ve yarışmacılara başarılar dilediler.

Türkiye, Azerbaycan, Kazakistan ve Kırgızistan 4 kurucu ülkenin üniversitelerinden 200'den fazla yarışmacının katıldığı ve üniversitemizden çeşitli spor dallarında takımların yer aldığı oyunlar 19 Mayıs Cuma günü final yarışmasıyla tamamlanarak kapanış yapacak.

Түрк Универсітелер Бірлігінің 1. Спор Оуунлары ачылыş yapıты

ЕЛ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН БАУЫРЛАСТАР

Жуырда Ақордада Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Астанаға мемлекеттік сапармен келген Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті қабылдады. Назарбаев Мирзиёев Өзбекстан Президенті болып сайланғалы екіжақты экономикалық көрсеткіштер елеулі өскенін, қазіргі таңда Қазақстан мен Өзбекстан Орталық Азияда екіжақты сауда-экономикалық әріптестікте жетекші позицияға ие болып отырғаны айтылған болатын. Біз бауырлас, туысқан ел ретінде өзбек халқының, өзбек мемлекетінің өркендеп, өніп үлкен жетістіктерге жетіп отыруын қалаймыз деген Н.Назарбаев. Кездесу ба-

полиция қызметкерлері автокөліктерімен алып жүретіндігі мен мемлекеттің ішінде шетел азаматтарының жүріп тұру ережелерімен қысқаша таныстырып та үлгерді. Бірінші күні Ташкент қаласымен, Ташкент Ислам университетімен және Төле би бабамыздың кесенесіне барып аруағына құран оқылды. Түсі және кешкі ас мәзірінде барынша өзбек ағайындардың ұлттық тағамдарынан дәм таттық. Зор ықыласпен меймандостығын білдіріп бақты, рахмет! Ертесіне таңертең «Зәңгі баба» кесенесіне барып зиярат жасап, Самарқандта бет алдық. Самарқанд пен Бұхара қалалары мәдениеті мен білімі дамыған, небір ғұлама ғалымдар өмір сүрген, XI ғасырдан діни ілімдер, математика, астраномия, медицина ғылымдарының дамыған

«ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Жуырда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Отансүйіштік, патриоттық сезімдер кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ортаңа деген сүйіспеншіліктен басталады. «Туған жер» бағдарламасы жастарды патриоттыққа тәрбиелейтін басты құрал болмақ. Аталмыш мақала барлық мекемелер мен ұйымдарда, білім ордаларында талқыланды. Зиялы қауым өкілдері де, саясаттанушылар мен БАҚ өкілдері Елбасының осы мақаласын талдап, онда айтылған тапсырмалардың жүзеге асыру жолдарын өздерінше сараптап жатыр. Н.Назарбаев отбасы құндылықтарынан бастап, қазақ халқының тарихи мәдениеті мен әдебиетінің дамуына ерекше көңіл бөлген. Бұл жоба ауыл-аймақты гүлдендірумен қатар, жастардың ынта-ықыласын арттыруға себепкер болады деп ойлаймын. Ең алдымен білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Бабаларымыз ғасырлар бойы найзаның ұшымен, білектің күшімен ұлан-ғайыр даламызды тектен-текке қорғап қалған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, мына біздерді де қорғады. Ел Егемендігін алған 26 жылдан бері экономика мен саясатта түрлі жетістіктер болды. Бүгінге дейін «Ұлы дала елі» сияқты идеялар жүзеге асты. Мемлекет басшысы айтып отырған идеялардың барлығында мәңгілік ұйытқы болатын дүние-руханият пен мәдениет. «Мәдени мұра», «Тарих толқынында» бағдарламалары арқылы да қыруар жұмыстар атқарылды. «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша іңкәрліктің атсалысу - шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез-келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі», - дейді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы Н. Назарбаев: «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы Түркістан», — деген болатын. Өзім туып өскен Түркістан қаласы «2017 жылғы Түркі өлемінің мәдени астанасы» болып жарияланғалы бері қаламызда түрлі мәдени, әдеби іс-шаралар легі толастаған жоқ. Ер түріктің бесігі, түркі дүниесінің басын қосқан Халықаралық қазақ-түрік университетінде де бұл бастама жалғасын тауып жатыр. Елбасы мақаласында таяу жылдардағы міндеттерді саралап, рухани кәсіпкерлеріміздің біртұтас желісін жасау керектігін айта келіп: «Ұлытау төріндегі жәдігерлер көшенің Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас көшен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бірі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз» деді. Атам қазақ «Туған жерге туынды тік» - деп бекер айтпаған. Қандай игі шараны қолға алсақ та әуелі кіндік қанымыз тамған өлкеден бастау апары анық. Осы тұста «Туған жер» бағдарламасы өзге де азаматтардың туып өскен ауылына қарайлауға себепкер болады. Жаһандан үрдісінің басты талабы — өлемдік тілдерді меңгеру, латын әліпбиіне көшу, «Туған жер» бағдарламасын қолға алу, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы рухани жаңғыруға тірек болары анық.

Салтанат ЕРНАЗАРОВА,
Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институтының
директорының орынбасары



рысында «Сауда-экономикалық қарым-қатынасты мүлдем жаңа деңгейге көтеру» мақсатында қазақ-өзбек бизнес форумы өткізіліп, екі елдің кәсіпкерлері 90-нан астам келісімшартқа қол қойылғаны жайлы хабардар болдық. Осы кездесуде екі ел арасындағы тығыз мәдени-тарихи байланыстар, сонымен бірге Н.Назарбаев өзбек әріптесімен екі елдің мәдени күндерін өткізу жайында уағдаласқаны туралы да айтылды. «Қазақстан Өзбекстан жастарын, студенттерін біздің жоғары оқу орындарында оқуға шақыру, сондай алмасу жасау қажет шығар», - деген Назарбаев. Кездесу барысында Назарбаев пен Мирзиёев Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық әріптестікті одан ары кеңейту және тату көршілікті нығайту туралы бірлескен декларацияға қол қойды. Ақордадағы кездесу кезінде Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Астанаға бұл жолғы сапарын «тарихи» деп атады. Ол Қазақстанды ең жақын әрі сенімді көрші санайтыны туралы мәлімдеген.

Осындай бауырлас, туысқан екі елдің мемлекет басшыларының достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастарды нығайту аясындағы келісімдерді жүзеге асыру жолында 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі аясында Оңтүстік Қазақстан Облыстық мәслихаттың депутаты, ОҚО өзбек этно-мәдени орталығының төрағасы Бадриддин Нышанқұловтың бастамасымен «Достық керуені» БІР ХАЛЫҚ - БІР ЕЛ - БІР ТАҒДЫР ұранымен қанаттанып, Түркістан-Шымкент-Ташкент-Самарқанд-Бұхара-Түркістан қалаларын қамтитын саяхат ұйымдастырылды. Саяхатшылар құрамын анықтауда Түркістан қалалық өзбек этно-мәдени орталығының төрағасы Даныш Маннатов, ҚР ХДА қалалық қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Әбдіхан Абдуқадиров, қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы Жарылқасын Әзіретбергеновтер атсалысып, тұл және өңбек ардагерлерін, халықтар достығы мен бірлігінің нығаюына, жастар тәрбиесіне көңіл бөліп жүрген ардагер ұстаздарды қосты. 2 мамыр күні таңертең ертелеп Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің алдына жиналған саяхатшыларды шағарып салуға Түркістан қаласының әкімі Әліпбек Өсербаев мырза келіп, қазақ-өзбек халықтарының достығы мен бірлігі, татулығы мен ынтымағы жайлы жылы лебізін жеткізіп, «Достық керуені» ұйымдастырушы Б.Нышанқұловқа өз ризашылығын білдіріп алғысын жеткізді. Қала әкімі өз сөзінде Түркістаннан көптеген игі істер бастау алып жататындығын, Оңтүстік өңірінде наурыз айында дәстүрлі түрде өткізіліп жүрген үлкен іс-шараның бірі «Ырыс алды —ынтымақ», Түркістан-түркі өлемінің астанасы атануы сияқты халықаралық достық пен татулыққа шақыратын іс-шаралардың Түркістаннан бастау алуы еліміз үшін, халқымыз үшін үлкен қуаныш, бақыт. Елбасы Н.Ө.Назарбаев халықтар достығы бірлік пен татулық орныққан елдің жаңа өлемдегі жаңа Қазақстан болуы керектігін ұлы міндет етіп қойды. Қазақстан бүгінде ұлттар мен ұлыстар мекендеген достық пен туысқандықтың, ынтымақ пен ырыстың ордасына айналды. Соның бір айғағы осы «Достық керуені» болып отыр. Жол сапарларының сәтті болып, елге аман-сау оралуға тілек білдіре отырып, достық сапарының оңды болуына құрбандық шалып шығарып салды.

Келесі аялдама Иқан аулында, Шымкентте Достық сарайында жалғасын тауып, қазақ-өзбек халқының мызғымас достығына тілектер айтылып, Ташкент қаласына бет алдық. Шекарада көдендік рәсімдеу процесі біздің мақсатымызды өте жылы қабылдап, достық сапарымызға құттықтау айтып қарсы алды. Автобусқа жайғастырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 5 күн бойы жол

ортасы болып қалыптасқан екен. Сол дәуірдегі ашылған оқу ордалары, медреселер қазірде білім, тәрбие беріп келеді екен. Хандық дәуірден сыр шертетін мұражайларда жәдігерлерге толы екен. Самарқанд қаласын кезінде билеген батыр Жалаңтөс бабамыздың басына, Әл-Бухари кесенесіне барып аруағына құран бағышталды.

Сапар барысында көптеген ұлт өкілдерімен кездесулер, жыр, ән шашулар айтылды, Өзбекстанда мекендеп жатқан этно қазақтармен сұқбаттасып, тұрмыс-тіршіліктерімен танысып, тіл мәселесі, әдет-ғұрыптардың сақталуы жайлы әңгімеге тарттық. Ана жұртымыз Өзбекстан, ал ата жұртымыз Қазақстан деп танимыз. Қазақ елінің бүгінгі жетістіктеріне қуанамыз, Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқының болашағы үшін атқарып жатқан еңбегі зор деп бағалаймыз - дейді. Ата жұртымыздағы ағайын-туыстармен байланысымыз үзілген емес, барып-келіп тұрамыз. Жалпы тұрмыстық жағдайымыз жақсы, ұлтқа бөлу, немесе шеттету деген жоқ деп ағынан жарылып айтуда. Арнайы сөз кезегінде менде өзімді Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы, ардагерлер ұйымының төрағасымын деп таныстыра отырып, университетіміздің бүгінгі таңдағы жетістіктерін, басты мақсаттарының бірі жастарға сапалы білім мен тәрбие берумен қатар, шетелдің ең озық білім беру үрдістерін, технологияларын ендіріп халықаралық деңгейде сұранысқа ие, қабілеттілігі мен біліктілігі жоғары маман дайындау жайын баяндадым. Қазіргі таңда Университетімізде 14 мемлекеттен 28-ден астам ұлт өкілдерінен тұратын жастар келіп білім алуда, солардың арасында Өзбекстан Республикасынан келіп оқитындар саны жыл сайын артып келеді. Университетіміз жалпы Түркі өлемінің ортақ білім ордасына айналуға. Жастардың ұлтаралық достық пен ынтымақтастық аясында тәрбиеленуі маңызды деп санайды. Университет жайлы әңгіме қызығушылық танытқаны біздерді қуантты.

Самарқандта Өзбекстанды ширек ғасыр басқарған Ислам Каримовтың жерленген мазаратына барып, басына гүл шоқтарын қойып құран оқылды. Навои облысы, Нұрата ауылында басына үлкен комплекс кесенелер салынған Әйтеке би бабамыздың да басына арнайы бір топ барып, басындағы бұлақ суынан, бір уыс топырағынан алып қайтты. Жол бойынан бір байқағанымыз өзбек ағайындарымыздың өңбек сүйгіштігі, жайқалып өсіп тұрған жеміс-жидектер, көк-өңістердің базардағы молшылығы, бағасының арзандығы. Қонақтар қайтар жолында Самарқандтың 95 көк шөйі мен Самарқанд нанына қызығып алып жатты. Сапарымыздың бесінші күні Ташкентте Орталық спорт сарайында бокстан Азия біріншілігінің финалдық ойынның жанкүйері болдық. Өзбекстандық боксшылар өте жақсы дайындықпен келгенін байқауымыз жатты. Жалпы Өзбекстаннан 9 боксшы, Қазақстаннан 3 боксшы финалға шағыпты.

Қазақ-өзбек ынтымағы мен бірлігін нығайтуда серпіліс болатын бұл сапардың берері мол болды. Бауырлас, туысқан екі елдің достығы мен татулығын, өзара қарым-қатынастардың одан әрі нығаюын аңсаған екі ұлт өкілдерінен құралған «Достық керуенінің» маңызы жоғары, келешек ұрпаққа берер тәрбиелік мәні зор игі бастама болды. Осынау игі істің ұйытқысы болған Бадриддин Нышанқұлов пен Даныш Маннатовқа ардагерлердің алғысы зор.

Балғабай НАҚЫПОВ
Түркістан қаласының «Құрметті азаматы»,
«Құрмет» орденінің иегері

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЙДІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылғы 31-қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған кезекті жолдауына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты тақырыпты арқау етуі жөй емес. Өйткені, күннен күнге елеулі өзгеріске ұшырап, қарқынды дамып келе жатқан бүгінгі қоғамда бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, сөзсіз, жан-жақты жаңғыруға бет бұру керек. Осыған орай, Мемлекет басшысы Қазақстан үшін басымдыққа ие мақсаттар мен міндеттерді алғаш рет қысқа мерзімге белгілеп, елімізді жаңғыртудың басты бес басымдығын айқындап берді. Олар — экономиканы жеделдетілген технологиялық жаңғырту; бизнес-ортаны түбегейлі жаңарту және кеңейту; макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету; адами капитал сапасын жақсарту; институционалдық өзгерістерге көшу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу. Сондай-ақ, Елбасымыз қазіргі таңда өзектілігімен ерекшеленетін осынау маңызды басымдықтарды жүзеге асыруға негізделген Үшінші жаңғырудың — қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жо-спарына емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» стратегиясының мақсаттарына бастайтын сенімді кәсіпкер айналу нәтижесіне ұлт жоспары — «100 нақты қадам» базасында өткізілуі керектігіне де ерекше тоқталып өтті.

Жаңғырудың бірінші басымдығы ретінде цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетумен қоса 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкінг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа перспективалы салаларды дамыту керектігін алға тартты. Тіпті, Үкіметке өлемнің барлық елінен кәсіпкерлер мен инвесторлар тартудың платформасына айналатын және «ЭКСПО-2017» нысандарының бірінші базасында орналасатын IT-старттаптар халықаралық технопаркін құруды тапсырды. Әсіресе, жоғары оқу орындары, Назарбаев Университеті және «Ала-тау» инновациялық технологиялар паркі базасында өзіміздің ғылыми және инновациялық өлеуетімізді дамыту керектігіне басымдық бере отырып, білім мен ғылымды ұштастыруға айрықша көңіл бөлді.

Еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыру үшін автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект, «ауқымды мәліметтер» алмасу сынды Төртінші өнеркәсіптік революцияның элементтерін жаппай енгізудің дұрыстығын нақтылап, Үкіметке бизнес өкілдерімен бірге 2025 жылға дейін базалық салаларды технологиялық тұрғыдан қайта жарактандырудың кешенді шараларын әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар, аграрлық секторды экономиканың жаңа драйверіне айналдыру қажеттігіне тоқталып, Жаңа еуразиялық логистикалық инфрақұрылымды құру мен құрылыс секторын одан әрі дамыту міндетін де алға қойды.

Әсіресе, адами капитал сапасын жақсарту үшін ең алдымен білім беру жүйесінің рөлін өзгертіп, оны экономикалық өсудің жаңа моделінің орталығы буынына айналдыруды мұрат етті. Осы мақсатта оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттауды, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу, қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайтуды міндеттеді. Үкіметке үш тілді оқуға кезек-кезеңімен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеуді тапсырып, қазақ тілінің басымдылығын сақтап, оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлу және бүгінде жаңа технологияның, жаңа индустрияның, жаңа экономиканың тіліне баланған ағылшын тілінде оқытуға сатылап көшуді жүктеді. Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешу нәтижесінде экономикадағы жаңа өндірістер үшін мамандар даярлауды қолға алу үшін «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасының іске асырыла бастағанын тілге тие ете отырып, кәсіптік стандарттардың өңбек нарығының талаптарына және ең үздік әлемдік оқу-өндірістік тәжірибелерге сәйкес жаңартылу керектігін ұсынды. Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесінің сапасына ерекше назар аударып, жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талапты күшейту керектігін алға тартты.

Ендеше, еліміздің әр азаматына жаңа жағдайдағы даму бағытымызды айқындап берген Елбасымыздың осы Жолдауындағы басымдықтарды бағыт алып, елімізді одан әрі жаңғырту жөніндегі міндеттерді орындаудан басқа жол жоқ. Сонда ғана Елбасымыз айтқандай «Қазақстанды кейінгі ұрпақ үшін тұдан да өсіп-өркендеген елге айналдыра аламыз!».

Ж.НҰРТАЙ
Компьютерлік ғылымдар кафедрасының магистр-оқытушысы

СОҢҒЫ БЕТ



ҚАЗАҚ ЭСТРАДАСЫНЫҢ БРЕНДІ



Соңғы кездері эстрада жұлдызы болуға ниеттеніп жүргендердің қарасы көп. Алайда жеңіл әртіс сымалдарды халық та жақтыра бермейді. «Қазақстанның танымал жұлдызы кім?» - деген сұраққа көпшілігінің берер жауабы Қайрат Нұртас деп айтары анық. Халық айтса қалып айтпайды деген осы болар. Қайратты танымал жұлдыз деулері орынды. Алайда Төрткүл дүниені өзінің ерекше дауысымен таңдай қақтырған жас әнші Димаш Құдайбергелді айтпаса болмайды. Димаш бауырымыз көрші Қытай мемлекетіндегі "Мен әншімін" деген байқаудан әлемге әйгілі болды. Димаштың танымал болуын, кезінде Францияға барып қазақтың даңқын шығарған Әміре Қашаубай атамның қайта өмірге келгендей деуімізге болады. Дегенмен мен үшін қазақтың бренд жұлдызы Қайрат Нұртас.

Мұхтария САДЫХАНОВ,
студент

ЖАСТАР КІТАП ОҚИ МА?

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамыған заманында жастардың көбісінің кітап оқымай кеткені көпке аян. Өйткені бұрын кітап көтеріп жүретін жастардың қазір телефоннан қолы босамайды. Ең өкініштісі, жастар facebook, twitter, вконтакте секілді әлеуметтік желілерге жіпсіз байланып қалған.

Мен де студенттердің бірімін. Сондықтан замандастарымның қаншалықты кітапқұмарлығы маған да мәлім. Қазір кітапханаға студент жастар көп жағдайда өз еркімен емес, сабақ барысындағы

да баршылық, бірақ тым сирек.

Бүгінде әсіресе әдеби кітаптарға деген сұраныс өте төмен. Өйткені том-том кітаптарды құшақтап жүріп қаузағаннан гөрі оның электронды нұсқасын оқуды жөн санайды. Оқыса жақсы, оқымайтынын жасырмай айтатындары да бар. Студенттер арасында соңғы рет қашан кітап оқығандарын сұрап сауалнама жүргізгенімізде: «Ең соңғы рет былтыр кітап оқығанмын. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілегін». Одан бері кітаптың бетін ашуға қол тимей кетті», - деді ол. Болашақ филологтың өзінен осындай сөз естіген біз басқаларының сөзіне таңданыс таныта қойған жоқпыз. Ал қаламыздағы



арнайы тапсырмаларды орындау үшін барады. Онда да дені реферат, баяндама сынды өзіндік жұмыстарға қажетті бетті ғана көшіріп алады. Өйткені жазба жұмыстарының бірінші бетіндегі ғаламтордан алынған ақпаратты оқытушы біліп қоюы мүмкін ғой. Сонда студенттер кімді алдап жүр? Жүйелі түрде білім алмаған өзін бе, жоқ әлде оның қулығына құдайдай сенген оқытушыны ма? Жалпы студентке СӨЖ жазу не үшін қажет? Әрине, іздену үшін, ал ізденуге ерінген студенттен ертең жөні түзу маман шығатынына кім сенеді? Студент деп отырғанымыз жалпы кім? Ол ертеңгі кәсіби маман, ал халыққа қызмет ететін кәсіби мамандарымыз қазірден ауырдың үстімен, жеңілдің астыменен жүретін болса қоғамның бүлінген сыйқы сол болмақ. Оқытушының берген әр тапсырмасын тиянақты орындаса студент те бірдеңені білді деген сөз. Қазіргі студент жастардың барлығы кітап оқымайды деуден аулақпыз. Кітапқа құмар жастар

бірнеше кітапханадан сұрастыра келе, бүгінде жастар арасында Әзілхан Нұршайықовтың «Махабат қызық мол жылдарына», Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айшасына» деген сұраныс мол екен. Сондай-ақ кітапханашылардың айтуынша, поэзияға, әсіресе Мұқағали Мақатаевты, Мұхтар Шахановты оқитын жастар көп екен. «Қазір қысқа өңгімелер мен өлеңдер болмаса, жасыратын несі бар баяғыдай роман, повестерді оқуға жастардың шыдамы жете бермейді», - деді. Иә, бүгінгі қоғамның бір көрінісі осындай.

«Кітапты бір ғана адам оқымаса ол оның өз қасиеті, ал тұтас халық кітап оқымаса онда бір ұлттың қасиеті» деген сөз бар. Демек тұтас ұлтқа қасиет келмеу үшін халық кітап оқуға дағдылануымыз қажет.

Әлия ПІРІМБЕКОВА,
студент

ҚАЛАМГЕРЛЕР БИЛІККЕ ТӘУЕЛДІ МЕ?

Алаш партиясының мүшелігіндегі Ахмет Байтұрсынов, Аліхан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев пен Міржақып Дулатов сынды алаш ұландары советтік үкіметке қарсы болып, билікке тәуелсіз, бағынбастан шынықты еркін жазу жолында құрбан болған қаламгер-батырларымыздың ізімен келе жатпағанымыз, өкінішті. Қазіргі қаламгерлер заңға бағынып, цензура деген шекарадан аса алмайтыны ақиқат. Мемлекеттік тапсырыспен 2000-нан аспайтын кітап жинағының салдарынан күн-көрісті ойлайды, әрине. Әр баспа табағына 5-6 мыңнан қаламгерлерге төлеп отырған үкіметтің бұйрығымен ғана жүруге мәжбүр. Мүмкін бұл да дұрыс шығар, еліміздің тыныштық дейтін асыл қазынасын бұзбауға деген әрекеттің бірі. Қаламгерлеріміз биліктің ауласынан шықпай, бір сарында, бір толқынмен қаламақысының жағдайын ойлайтын сияқты. Тәуелсіз елімізде әдеби тәуелді болғандары көңілді қынжылтады.

Нұрлан СҰЛТАНБЕК,
студент

РУШЫЛДЫҚ - ДЕРТ

Қазіргі кезде қазақта руға, жүзге, жерге, атаға бөліну белең алып барады. Басшы қызметтегі көкелеріміз өз руласын немесе жерлесін маңайына жинайды. Бірнеше ғасыр бұрын қазақты ру басылары құтқарып қалған болса, бүгінгі таңда руға бөлінушілік құрдымға кетіре бастады.

Ғылымда Трайбализм деген термин сөз бар. Ағылшынша traibe-тайпа дегенді білдіреді. Жалпы трайбализм ұлттың санасы қалыптаса қоймаған тайпалық, рулық деңгейде қалып қойған адамдарға тән. Ауғанстан, Пәкістан, Африка трайбализм деңгейінен шыға алмаған елдер. Осы қатарға Қазақстан да қосылып кете ме деген ой мазалайды.

Ресей патшасының қабылдауында болған Михаил Сперанский Қазақтар жайлы былай деген екен:

- Қазақтар - көшпелі өмір сүретін өте жауынгер халық. Арақ ішпейді және табиғи қиыншылықтарға өте төзімді. Далада соғысудың өнерін жақсы меңгерген...

Ресей патшасы I Александр «Оларды бағындырудың жолын ойластырудың ба?», - деп сұрағанда Михаил Сперанский:

- Қазақ даласында сексеуіл деген ағаш өседі. Өте қатты, балтамен шауып сындыра алмайсың. Оны тек бір-біріне ұрып сындырады. Қазақтар Руға қатты бөлінеді. Оларды бір-біріне айдап салып, әлсірету қажет, - депті...

Міне сол М.Сперанский қазақтың осал тұсын нақты көрсетіп кеткендей.

Жүзінді біл - жүзшіл болма, Руынды біл - рушыл болма, Атаңды біл - аташыл болма.

Әрбір қазақ бірін-бірі бауырына тартып, осы қағиданы жанында тұтса. Қазақ елінің бірлігі тас түйін бекем болмақ. Бүгінгі қиямет-қайым ғасырда қазаққа тек қана бірлік керек.

Нарқұлан РАЙХАН
студент

ХАБАРЛАНДЫРУ

1. «Нұр Отан» партиясы Түркістан қалалық филиалы «Тұран» бастауыш партия ұйымы тарапынан 2017 жылдың маусым айының 5-10 аралығында мемлекеттік органдардың қатысуымен азаматтармен қоғамдық қабылдау ұйымдастырылады.

Қоғамдық қабылдауды өткізудің мақсаттары:

- жеке тұлғалардың өз етініштерінде көтерген мәселелері қарастырылып, оларды шешуге көмектесу;
- азаматтардың заңды құқықтарына қолдау көрсету бойынша өкілді және атқарушы органдарды тарту;
- заңдылық мәдениетін және өз мүддесін қорғау бойынша азаматтардың белсенділігін қалыптастыруға атсалысу;
- қоғамдық пікірге мониторинг жүргізу.

2. Қоғамдық қабылдауға мемлекеттік органдар тарапынан Ұлттық қауіпсіздік қызметі ОҚО бойынша департаменті Түркістан аудандық бөлімі; Прокуратура, Ішкі істер басқармасы, Қалалық сот, Түркістан аймағы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аудандарлық басқармасы өкілдері шақырылады.

3. Қоғамдық қабылдау барысында азаматтардың өздерін мазалап жүрген мәселелері бойынша етініш, талап-арыздар, шағымдары мен түрлі сауалдарына және мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл салаларындағы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтау

бойынша консультативтік көмек көрсетіледі.

4. Қоғамдық қабылдауға етініштердің есебі мен оларды тіркеуге алуды «Жеке және заңды тұлғалардың етініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және «Нұр Отан» партиясы бекіткен нұсқаулыққа сәйкес Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті аумағында орналасқан «Тұран» бастауыш партия ұйымы жүзеге асырады.

5. Қоғамдық қабылдау өткізілетін орын: Түркістан қаласы, Бекзат Саттарханов даңғылы 29, Мәдениет орталығы, 2-ші қабат, №102 бөлме, «Тұран» бастауыш партия ұйымы.

6. Жазбаша етініштерді алдынала қабылдау және қабылдауға жазылу мерзімі: Түркістан қаласы, Бекзат Саттарханов даңғылы 29, ректорат ғимараты, 5-ші қабат, №503 бөлмеде немесе zhanali.daribayev@ayu.edu.kz поштасы арқылы 05.06.2017 ж. дейін. Сонымен қатар, 87711494166 ұялы тел., 8(72533) 6-36-36 ішкі тел. № 12-95, 12-97 сенім телефондары арқылы жеке қабылдауларда көтерілетін мәселелерді талдап, тіркейді.

7. Өткізілген қоғамдық қабылдау нәтижелері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын болады.

«Нұр Отан» партиясы
Түркістан қалалық филиалы
«Тұран» бастауыш партия
ұйымы

Ясауи университеті

Редактор Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Тілшілер:
Журналистика бөлімінің студенттері

Фототілші: Елнұр СЕРДӘЛІ
Беттеуші: Мұрат ШАХАНБАЕВ

Газет 1995 жылдан бастап айына 2 рет шығады

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 4.10.2010 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №11180-Г куәлігі берілген.

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Автордың пікірі, макалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. «Ясауи университетінде» жарияланған мақаланың көшірін басқанда сілтеме жасалуы тиіс. Кейбір суреттер интернеттен алынды.

Мекен-жайы: ҚР, ОҚО, Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі, №4 оқу ғимараты, 106-кабинет.
Байланыс телефоны: 8 /72533/ 3-21-24, ішкі 117
Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Таралу аумағы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ

Газет «M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды.

Мекен-жайы: ҚР, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18-үй

Таралымы: 1000 дана

Тапсырыс нөмірі: